Әбу-Насыр-әл-Фарабидің еңбектері баланың әрбір әрекетінің ізгілікке бағытталған құлқын қалыптастыруды көздейтін, тұлға тәрбиесінің ізгіліктілік идеясымен ерекше. Тұлғаның бойында алғыр да аңғарымпаздық, білімге құмарлық, қанағатшылдық, шыншылдық, ізгі ниеттілік, әділеттілік, батыл да ер жүректілік қасиеттерді тәрбиелеу «мінсіз адамды» қалыптастыруға мүмкіндік береді деп тұжырымдайды [10].

Ж. Баласағұнның дидактикалық сарында жазылған «Құтты білік» шығармасында этика, әдептілік, қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасы, сөйлесуі, жан-жақты сөз болды. Ақын мемлекеттің мықтылығы қалың әскерге де, қарулы күштердің көптігінде емес, адамдардың татулығына байланысты деп санап, адамдықты сипаттайтын негізгі төрт қасиетті бөліп көрсетті: әділдік, ақыл, бақыт, қанағат деп бөліп көрсетті [11].

М. Қашғари адам бұл өмірге ізгілік жасау үшін келеді деп ойлап, адам бойындағы еңбекқорлық, үлкенді сыйлау, қиыншылыққа төзу сияқты қасиеттерді ерекше атап өтті.

Яссауи Қожа Ахмет тақуалықты, барға қанағат, жоққа төзімділік мұраттарын уағыздай отырып, байлығы асқан, феодалдар мен

халыққа жағымсыз діндарлар іс-әрекетін мансұқтап: «Дүниеқор болма, опасыз дүние үшін жамандық жасауға барма. Бір-біріне мейірімді, қайырымды бол! Момынның, жетімнің ақысын жеме, кем-кетік пен кедей-кепшікке жәрдемдесіп жүр», – деген пікір айтқан. Ол ұрлыққа, зорлық-зомбылыққа жаны қас болды. Адамды түзету арқылы қоғамды, қоғамды түзету арқылы заманды түзету, жалпыға бірдей әділетті өмір орнату, оның адамдық мұраты діндарлық мақсаты, ақындық парызы деп түсінген. Адам бойындағы туралық, адалдық, қиындыққа төзу, шыдамдылық қасиеттерді жоғары бағалайды [12].

Қазақ хандығын, қазақ елінің бірлігін нығайтуға қызмет еткен қайраткер Төле би адамдарды бірлікке, татулыққа шақырған. Адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалаған.

Тапқырлығымен, шешендігімен, әділдігімен танымал Қазыбек би адам бойындағы шыдамдылық, сыйластық, адалдық қасиеттерді жоғары бағалайтындығын «Тату болса, ағайын жақын, Ақылшы болса, апайын жақын, Адал болса досың жақын...» – деп айтқан нақыл сөзінен көруге болады

Артында аталы сөзі қалған, есімі ел жайында сақталған қазақ шешендерінің бірі - Әйтеке әділдік, адалдық, шыдамдылық адам бойындағы маңызды қасиеттер ретінде бағалады [13].

Ы. Алтынсарин дүниеге «дұрыс көзқараспен» тәрбиелеу мәселесін өзінің басты мақсаты етіп қойды. Ол өз шығармаларында жас ұрпақты өнер-білімге, адамгершілікке баулып, біреуге қиянат жасаудан бойын аулақ ұстауға шақырды. Оның бала тәрбиесіне арнаған адамгершілік әңгімелері осы күнге дейін құндылығын жойған жоқ [14].

Абай шығармаларынан оның әділдікке, шыдамдылыққа, зорлық-зомбылыққа деген көзқарастарын көруге болады. Надандықты, білімсіздікті, еріншектікті, қиянатты, әділетсіздікті қатты сынап, адамдарды қанағаттылыққа, шыдамдылыққа, әділдікке, ізгілікке шақырды. Абай Құнанбаевтың шығармаларының түйіні – шыдамдылық, бірлік, татулық, сыйластық.

Абайдан кейінгі ойшылдар да оның дәстүрін жалғастырып, ой-өрісін кеңейте түсті. Бұл тұрғыда Шәкәрім Құдайбердіұлы айрықша ізденімпаздық танытты. Шәкәрім Құдайбердіұлы айналасындағы кемшіліктерді, адамдардың мінез-құлқындағы, әлеуметтік өмірдегі кереғарлықты сынағанда, халқын надандықтан, келеңсіздік атаулыдан арылтуға, экономикалық және рухани дамудың таза жолына салуға ұмтылды. Болашақ дамудың бірден-бір жолы ғылым мен өнер үйрену, еңбек ету, бірлікті сақтау және озық елдерден үлгі алу деген тоқтамға келді. Бұл көзқарас оны Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлихановтың идеяларымен сабақтастырады. Халық пен халықты, мәдениет пен мәдениетті жақындастырудағы еңбегі оның шығармашылығының интернационалистік сипатын аша түседі [15].

XX ғасыр педагогикалық идеялары да XIX ғасырдың ағартушылық дәстүрлеріне сүйеніп, оның озық үлгілерін, идеяларын байыта түсті. Осы кезең ойшылдарының туындыларында халықтық гуманизм идеялары өріс алды. Бұл саладағы табыстарды орнықтыруда Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың, Шоқан Уәлихановтың еңбектеріне сүйене отырып, дәстүр сабақтастығын көрсете білген М.Дулатов болды. Оның ағартушылық ой-пікірлері оқулық жасауда, ғылыми мақалаларында, өлеңдері мен әңгімелерінде жан-жақты қамтылды. Мысалы, оның «Мұғалімдерге» деген мақаласының үлкен әдістемелік мәні бар. Мұнда түрлі дәстүрде білім алған мұғалімдердің шәкірттерді оқытуда қандай әдіс-тәсілдерді қолдану керектігі сөз болды [16].

Осы кезекте Ы.Алтынсарин үлгісіндегі педагог-жазушы Спандияр Көбеевтің де пікірлерін қарастырып өткен жөн. С.Көбеев өз шығармаларында балалар үшін тәрбиелік мәні бар мәселелерді көтерді. Біреулерінде С.Көбеев қиын жағдайда адамдардың бір-біріне көмек беруі қажет екенін айта отырып, адамды адамға жақсылық жасауға үндесе, келесілерінде зорлықты, қатыгездікті әшкерелейді.

Қазақтың ағартушы – ойшылдарының еңбектерін саралай отырып, біздің ойымыз-

ша толеранттылық дегеніміз – бөтен деп саналатын өмір салтына, мінез-құлыққа, дәстүрлерге, сезімдерге, идеяларға, нанымдарға, көзқарастарға, қасиеттерге, әдеттерге деген жағымды қатынас. Толеранттылық түрлі халықтардың, ұлттардың және діндердің ерекшеліктеріне қатысты қажет болатын қасиет. Бұл ұғым қазақ ойшылдарының еңбектерінде тікелей осы мағынада қарастырылмағанымен, гуманизм, әлеуметтік әріптестік, мәдени сабақтастық, бірлік, зорлықсыздық идеялары арқылы айқын көрінеді.

Ал толеранттылықтың жалпы зерттелу тарихына жасалған қысқаша шолудан әр дәуірде бұл мәселенің әртүрлі түсіндірілгенін көруге болады. Ғасырлар бойы толеранттылық қоғамдық және діни біліктің, дін мен секталардың, дінге сенушілер мен атеистердің өзара қарым-қатынасының қағидасы ретінде түсіндіріліп келді.

Антикалық кезең толеранттылықты танудың екі жолын көрсетеді. Біріншісі діни тәжірибенің, философиялық және саяси плюрализмнің көп түрлі формаларынан көрінсе, екіншісі ұлтты алалаушылық пен сенім үшін шеттетудің жоқтығынан көрінеді.

Орта ғасыр философтары үшін негізгі мәселе сенім шыдамдылығы мен көнбістік болды. ХҮІІ–ХҮІІІ ғғ. толеранттылық негізінен саяси улитаризм тұрғысынан қарастырылды және діндер, ұлттар, әлеуметтік топтар арасындағы татулық пен келісімнің негізін салушы компонент, яғни жалпыға ортақ құндылық деп танылды.

XIX ғасырда толеранттылық адамның ішкі «мені» мен оның басқаға қарым-қатынасы тұрғысында сипатталды. XX ғ. басындағы отандық философияда толеранттылық тұрмыстық диалог ретінде сипатталды.

Сонымен, қорыта келгенде, толеранттылық мінез-құлық басқаның пікіріне сыйластықпен қарап, шыдамдылық танытып, туындаған мәселені келісіп шеше білу, зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету. Қазіргі заманғы көптеген ғалымдар толеранттылықты өзара сыйластық, өзара түсінудің, өзара бас тарту сияқтылардан және «зиян келтіруден тартынудан (себебі өзгеге келтірген зиян, жалпыға

және өзіне де қатысты)» тұратындығын көрсетеді. Толеранттылық қағидаларының біреуі бұзылған жағдайда ол қоғамдағы үйлесімдіктің жойылуы мен зорлық-зомбылыққа әкеліп соғады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауынан. – Астана, 2008.
- 2 Қартбаева Ж.Ж. Оқушыларда толерантты мінез-құлықты қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері: Пед. ғ.канд. дис. автореф. – Астана, 2008.
- 3 Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2004.
- 4 Современный словарь иностранных слов: толкование, словоупотребление, словообразование, этимология / Под ред. А.В. Боброва и др. Стереот. – М.: Цитадель, 2001.
- 5 Словарь иностранных слов. – М: Рус.яз., 1988.
- 6 La tolerance au risque de l histoire. – Lyon, Aleas, 1995.
- 7 The Oxford dictionary of English Etymology Oxford, Clarendon Press, 1982.
- 8 Аристотель. // Соч.: в 4-х т. – М.: АН СССР, 1983 .
- 9 Марк Аврелий Антонион. Размышления Римского императора Марка Аврелия о том, что важно для самого себя. – М., 1991.
- 10 Тәрбие хрестоматиясы. / құрастырған Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001.
- 11 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986.
- 12 Яссауи Қожа Ахмет. Хикметтер. – Алматы: Атамұра, 1995.
13. Жақыпов С.М. Межэтничный фактор в условиях формирования познавательной деятельности. Этнопсихология и этнопедагогика. 4 сборник.– Алматы.
14. Сатпаев Ш.К. Шакарим Кудайбердиев, – Алма-Ата: Жазушы, 1993.
15. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі // Қазақ ұлт педагогикасы мен ұлттық психологиялық тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995.

УДК 376.2: 37.062.2

Е.В. ФЁДОРОВА

*Хмельницкий национальный университет  
Кафедра социальной работы и социальной педагогики  
г.Хмельницкий, Украина*

**ГУМАНИЗАЦИЯ ОТНОШЕНИЙ КАК ПРИОРИТЕТНОЕ  
УСЛОВИЕ ВОСПИТАНИЯ ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ СТУДЕНТОВ  
С ОСОБЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ**

В статье раскрываются сущность, особенности и основные направления гуманизации отношений в интегрированной среде высшего учебного заведения как приоритетные условия воспитания гражданственности студентов с особыми потребностями. Представлен анализ научных исследований по данной проблеме.

*Ключевые слова:* гуманизация, интегрированная среда высшего учебного заведения, воспитание гражданственности, студенты с особыми потребностями.

Мақалада студенттердің азаматтығын ерекше қажеттілікпен тәрбиелеудің басым шарты ретінде шоғырланған ортадағы жоғары оқу орындарындағы қарым-қатынастарды ізгілендірудің ерекшеліктері мен негізгі бағыттары, мәні жан-жақты ашылады. Бұл мәселе бойынша ғылыми зерттеулерге талдау жасалады.

*Түйін сөздер:* гуманизация, жоғары оқу орындарының шоғырланған ортасы, азаматтықты тәрбиелеу, ерекше қажеттілікке ие студенттер.

The article reveals the essence, characteristics and main directions of humanizing relationships in an integrated environment of higher education as a priority condition in giving students a civic education with special needs. The given analysis is the result of the research on the subject.

*Key words:* humanization, integrated medium of higher educational institution, citizenship education, student with special needs.

Утверждение в Украине независимого государства, целью которого является восхождение украинской нации к наивысшему для современной эпохи уровню цивилизации, возможно лишь в условиях функционирования гражданского общества. Его создателями, активными субъектами должны стать высокообразованные, культурные личности, которые осознают себя гражданами Украины, готовы защищать и развивать её как демократическое, правовое, социальное государство, знают свои права, свободы, обязанности и стремятся к свободному самоутверж-

дению, саморазвитию, самореализации своих сущностных сил.

Становление гражданственности молодежи – вечная проблема, которая находится в центре внимания педагогов, воспитателей, общественных и политических деятелей. Сколько существует государство, столько и общество в соответствии со своими приоритетами, решает вопрос о сущности гражданственности, так и о цели, задачах, содержании, средствах и методах воспитания молодых граждан.

Цель статьи – раскрыть сущность, особенности и основные направления гуманизации



отношений в интегрированной среде высшего учебного заведения как приоритетные условия воспитания гражданственности студентов с особыми потребностями.

Гуманизация отношений в интегрированной среде высшего учебного заведения – это современная научно-практическая педагогическая стратегия, которая основывается на признании человека, его жизни, здоровья, чести и достоинства, неприкосновенности и безопасности наивысшей социальной ценностью. Это тот базис, на котором можно конструировать решения проблемы развития личности, ее внутреннего мира, строить эффективную систему воспитания, в том числе, и процесс формирования гражданственности.

Методологической основой гуманизации отношений в учебно-воспитательном процессе является философский принцип гуманизма, который был основан в эпоху античности, провозглашал человека мерой всех вещей и рассматривал его как высшее творение природы (Протагор). Как глобальная философская система взглядов гуманизм приобретал качественных изменений с развитием человечества и создал основу ведущей мировой ориентации прогрессивных общественных движений.

Современный гуманизм признает ценность человека как личности, его право на свободу, счастье, развитие и проявление своих способностей, считая благо человека критерием оценки государственных и социальных институтов, а принципы равноправия, справедливости, человечности – нормой нравственных отношений между людьми.

В XX веке идеи гуманизации внедряли в практику выдающиеся педагоги Дж. Дьюи, А. Маслоу, К. Ушинский, М. Монтессори, В. Сухомлинский, Р. Штайнер. Особо хотелось бы подчеркнуть роль В. Сухомлинского в гуманизации педагогики. При тогдашнем классовом подходе к воспитанию идеи гуманизма были не просто инновационными, но и опасными для автора. Только большой авторитет В. Сухомлинского позволил ему избежать преследований властей, хотя и не защитил от откровенной травли оппонентов. В

своей общепризнанной работе «Сердце отдаю детям» украинский педагог доказал, что основной целью гуманистической педагогики является творческое развитие личности. Это квинтэссенция настоящего гуманистического отношения к человеку.

В. Сухомлинский отмечал необходимость формирования у воспитанников умения чувствовать рядом с собой человека, понимать его душу, видеть в его глазах сложный духовный мир, предвидеть, как собственные поступки могут отразиться на душевном состоянии другого человека, не причинят ли они боли, беспокойства, тяжелых переживаний другим людям. Своих воспитанников великий педагог приучал руководить своими действиями, поступками, поведением, намерениями, подчеркивая, что моральным человек становится лишь тогда, когда в его душе «навсегда поселятся совесть, застенчивость, ответственность, долг» [10, с. 261]. Педагог-гуманист был убежден в необходимости очеловечивания отношений воспитанников к другим людям, одухотворения этих отношений чистым, возвышенным чувством уважения к человеку. Указанные позиции, базирующиеся на принципах гуманистической морали, легли в основу так называемой азбуки нравственной культуры школьников, которая и в наше время не утратила своей актуальности.

С обретением Украиной государственного суверенитета отечественными учеными И. Баллом, И. Бехом, В. Белоусовой, М. Боршевским, А. Бойко, С. Гончаренком, Е. Журбой, А. Капской, Е. Кононко, В. Киричэк, О. Сухомлинской, Е. Чёрной формируется гуманистическая парадигма гуманизации отношений в учебно-воспитательном процессе, основные черты которой определены Декларацией прав человека, провозглашенной и утвержденной Генеральной Ассамблеей ООН.

Успешной реализации задач данной парадигмы способствует новейшая концепция личностно ориентированного воспитания разработанная И. Бехом, способствующая воплотить гуманистические идеи в образовательной сфере. Ее автор обосновал научные требования, которые стали основой создания

эффективных учебно-воспитательных технологий. Это – «формирование у субъекта способностей и желания осознавать себя личностью», «культивирование у воспитанника ценности другого человека», «развитие у воспитанника опыта свободы принимать личные решения, отвечать за них», что является основой культуры достоинства личности. Данные положения являются базовыми для понимания сущности гуманистической педагогики альтернативной авторитарной [2, с. 128].

Исследователи С. Гончаренко, В. Радул, М. Дубинка определяют гуманистическую направленность воспитания как направленность на личность другого человека, утверждение словом и делом высших духовных ценностей, моральных норм поведения и отношений [9, с. 47].

О. Вишневский определяет гуманизацию воспитания, как отход от культа силы, от пренебрежения к человеку, как реабилитацию общечеловеческих ценностей. Именно эти положения составляют «золотой фонд» подлинного гуманизма, проявляющегося в доброте, справедливости, честности, добросовестности, милосердии, великодушии, правдивости, человеческом достоинстве и т.д. Гуманизация должна трактоваться как аспект воспитания, точнее – самовоспитания, т.е. формирование на личном опыте гуманизма как системы взглядов, убеждений, навыков и, в конечном итоге, как модели поведения [6].

Важная роль в решении проблемы гуманизации отношений в учебно-воспитательном процессе принадлежит интегрированной среде высших учебных заведений. Именно её специфика дает оптимальную возможность студентам получать не только представление о гражданственности, но и развивать нравственный опыт проявления человечности, толерантности, реализации своих потребностей и интересов, внедрения в реальные общественные отношения, находить свое место в жизни, отстаивать права и свободы.

Мера гуманизации отношений в интегрированной среде вуза определяется тем, насколько этот процесс создает предпосылки для самореализации каждой личности, рас-

крытия всех заложенных в ней природных задатков, её способностей к свободе, ответственности и творчеству.

И. Бех в своей работе «Воспитание в личном измерении» отмечает, что гуманизация отношений предполагает позитивное восприятие другой личности, доверие к человеку, веру в возможность ее духовно-нравственного подъема. Это, в свою очередь, утверждает в самом воспитаннике веру в свои возможности, пробуждает у него желание стать лучше [4]. В этом контексте принципиальной позицией педагогов высшего учебного заведения должно быть понимание, признание и поддержка студентов с особыми потребностями.

Понимание студента с особыми потребностями предполагает умение педагога правильно оценить эмоциональное состояние воспитанника, способность воспринимать и адекватно интерпретировать его поведение непосредственно в каждый момент общения, умение фиксировать изменения в чувствах и поступках, а также определять причины, обуславливающие эти изменения. Это и умение сравнивать характер изменений, проявляющихся в вербальном и невербальном поведении студентов, и своевременно правильно это обобщать. То есть, преподаватель, связывая цепочку поступков, высказываний, эмоций, которые демонстрирует или сдерживает воспитанник, должен понять его внутренний мир, мотивы, нравственную позицию, духовно-культурный потенциал, способности, возможности. Пытаясь понять воспитанника, педагог должен проявлять беспристрастность и объективность ради оптимального постижения индивидуальной неповторимости этой личности. Кроме того, понимание студента с особыми потребностями предусматривает эмпатийное осознание его индивидуального «Я», умение выслушать и, главное, услышать его, готовность понять и принять что-то новое и необычное, способность отвечать взаимностью на искренность студента.

Признание студента означает осознание его права быть самим собой, не похожим на других, неповторимым в том смысле, что он имеет эксклюзивный темперамент, характер,

затки, присущие только ему и определяющие специфику его интересов, потребностей и способностей. Главной составляющей признания является принятие индивидуальности воспитанника как факта неповторимости, автономности, самостоятельности личности, его права на собственный жизненный путь. На психологическом уровне индивидуальность проявляется в способах эмоционального выражения, разворачивания и изменения эмоций во времени, в их регуляции. В условиях управляемого процесса воспитания индивидуальность проявляется в неповторимых приемах, способах овладения общественно-нравственными ценностями. Утверждая ценность студента с особыми потребностями педагогу следует помнить, что конкретные способы каждого воспитанника в достижении цели воспитания, конкретные механизмы личностного развития могут быть индивидуально-своеобразными.

Поддержка и принятия студента с особыми потребностями означает первичное положительное отношение к нему такому, каким он есть, со всеми свойствами и качествами. Это не обязательно положительная оценка, а предусмотрительная ориентация воспитанника на проявление позитивных индивидуальных особенностей, это уважение к его чувствам и готовность их понять, поддержка даже при условии, что преподаватель не разделяет ценностей и взглядов студента, это готовность делиться собственными взглядами и уважение к личной жизненной позиции студента. К тому же, принятие воспитанника предполагает терпеливое и вместе с тем требовательное отношение к нему. Полное принятие студента проявляется в сочувствии, доброжелательности и искренности, которые способствуют позитивным изменениям в его жизни, преодолению неуверенности и тревоги, личностному росту, самоутверждению.

В результате успешной реализации вышеуказанных воспитательных позиций преподаватели должны осознать необходимость овладения приемами создания в вузе комфортного для развития личности психологического климата. Именно он, в свою очередь,

будет способствовать предотвращению таких негативных проявлений в отношениях студентов нормы к студентам с особыми потребностями, как враждебность, агрессия, душевная черствость, отсутствие эмпатии, моббинг, буллинг т.д.

Психологический комфорт студента с особыми потребностями в высшем учебном заведении определяется, во-первых, характером его взаимоотношений с одногруппниками. На характер и эмоциональную окраску психологического климата влияют индивидуальные психологические особенности студентов, которые, в свою очередь, связаны с их физиологическими особенностями. Отсутствие коммуникативных умений, способности отстаивать собственную позицию, а также наличие отрицательных личностных качеств порождают типичные проблемы общения, когда студента с особыми потребностями пренебрегают и игнорируют одногруппники. Из-за этого воспитанник переживает психический дискомфорт, что, в свою очередь, сказывается на эмоциональной окраске психологического климата студенческого коллектива в целом.

Во-вторых, на психологический климат коллектива влияет стиль общения педагогов и студентов с особыми потребностями. Воспитательная позиция преподавателя должна основываться на любви к студенту, понимании, позитивном и оптимистичном отношении к нему, на убежденности в силе гуманного подхода к воспитаннику. Отношения между студентом и преподавателем должны базироваться на общепедагогических принципах: содружества, сотрудничества и делового партнерства. При этом педагог выполняет функцию старшего партнера, что одобрительно оценивается студентами. Соответственно, студент выполняет функцию младшего партнера. В этой ситуации доминантной становится подготовка преподавателя, владеющего современным инструментарием изучения личности воспитанника, умеющего организовать воспитательный процесс как педагогическое взаимодействие, направленное на развитие личности студента с особыми потребностями - гражданина Украины.

Создание комфортного для развития студента с особыми потребностями психологического климата предусматривает опору на внутренний мир личности, учет её естественных потребностей в самоутверждении, саморазвитии, самореализации, жизнетворчестве, т.е. развитие потребности быть полноценной личностью в современном обществе. Эта потребность способствует развитию природных задатков, способностей, талантов. Деятельность преподавателя должна быть направлена на помощь студентам с особыми потребностями понять свои особенности, черты характера, осознать себя полноправным гражданином Украины, субъектом гражданского общества, способным влиять на свою судьбу и судьбу страны. Определяющим положением в этом смысле должно быть признание права другого быть личностью, проявляющееся в уважении к другим гражданам Украины и предусматривающее не только контроль над соблюдением собственных прав, но и выполнением обязанностей по отношению к окружающим, преодоление равнодушного отношения к людям, несдержанности, малодушия.

Гуманизация отношений в интегрированной среде ВУЗа предполагает осознание физиологических особенностей человека как черт уникальности, своеобразности, неповторимости личности. С учетом этого, в процессе развития самоуважения студентов с особыми потребностями важна опора на диалогическое общение, которое предусматривает взаимопонимание, взаимооценку, взаимовлияние, взаимодействие, а также учет индивидуально-психологических и личностных особенностей взаимодействующих сторон. Именно в диалогическом общении реализуется разнообразие чувств, поступков, мыслей, осуществляется взаимодействие разных личностей. В процессе этого общения формируются межличностные отношения, эмоциональные состояния, благодаря которым устанавливается и углубляется психологический и социальный контакт в интегрированной среде вуза, удовлетворяется потребность личности в передаче другим гражданам своих моральных достижений.

Центральной функцией общения является взаимовлияние, а это свидетельствует о том, что диалог может выступать средством формирования культуры поведения личности. Это происходит в случае не просто общения партнеров, а именно диалогического общения между преподавателем и студентом, студентом с особыми потребностями и студентом нормы. Необходимо учитывать, что диалогическое общение будет выполнять свои функции только в случае, когда собеседники взаимодействуют как равноправные субъекты [8; 11].

Именно поэтому, для преподавателей важно в совершенстве овладеть коммуникативными умениями. Они будут способствовать снятию стресса, тревожности, дискомфорта в процессе общения, присущего студентам с особыми потребностями. Тем самым будет обеспечиваться овладение воспитанниками приемами саморегуляции поведения, эмоций, преодоления негативных привычек в общении, избавление от эмоциональных травм и негативных состояний. Очевидна взаимозависимость речи и поведения личности, культуры общения, диалога и гуманного, толерантного поведения. То есть, в результате высказывания говорящий человек передает собеседнику определенную поведенческую модель, которая пробуждает и активизирует аналогичное поведение у собеседника.

Гуманизация отношений предусматривает осуществление ценностно-личностного подхода в воспитании гражданственности студенческой молодежи с особыми потребностями, основой которого является гуманистическая мораль, которая выступает способом духовно-практического восприятия мира. В механизме ценностной ориентации акцент переносится на внутреннее самоопределение человека в обществе в целом и в нравственных ценностях в частности. В Концепции воспитания гуманистических ценностей учащихся общеобразовательной школы отмечается, что ценность, в отличие от нормы, предполагает выбор, в процессе которого ярко проявляется личностная сущность человека, уровень его нравственной культуры. Внутренними нравственными регуляторами выступают совесть,

достоинство, долг, ответственность, способность делать выбор между добром и злом, оценивать свои поступки и поведение с точки зрения гуманистических критериев [3].

Поэтому деятельность преподавателей должна стимулировать выработку у студентов способности к эмпатии, сопереживанию и сочувствию; развивать чувство собственного достоинства, взаимодоверия; обучать корректно проявлять свои негативные чувства (недовольство, обида, огорчение), не унижая достоинства другого человека; мотивировать на установление дружеских контактов с людьми, отличающимися от них. Благодаря этому студенты овладеют навыками общения, способностью определять для себя конкретную позицию в отношениях с обществом, постигают цивилизованные методы избегания конфликтов, отрабатывают оптимальные варианты поведения в конфликтных ситуациях, осваивают методику преобразования деструктивного конфликта в конструктивный.

Гуманизация отношений в высших учебных заведениях интегрированного типа осуществлялась нами с помощью теоретической, методической и практической подготовки всех участников воспитательного процесса.

Приоритетными направлениями данного процесса было:

- овладение преподавателями основами теории гуманизации отношений;
- обучение преподавателей приемам создания в интегрированной среде вуза комфортно для развития личности студента с особыми потребностями психологического климата;
- выработка у преподавателей и студентов умений выстраивать равноправные отношения с окружающими;
- овладение преподавателями и студентами приемами налаживания диалогического взаимодействия между партнерами в среде интегрированного обучения;
- использование преподавателями опыта известных педагогов-гуманистов по созданию гуманных отношений в интегрированной среде вуза;
- формирование у студентов толерантного отношения к окружающим, способности к эмпатии, сопереживанию и сочувствию;

- овладение преподавателями и студентами теорией конфликтологии;

- развитие у преподавателей и студентов навыков эффективного общения, умения взаимодействовать в обществе, вести себя в соответствии с нормами демократического общества;

- формирование у преподавателей и студентов умения находить цивилизованные подходы в решении проблем и конфликтов.

Экспериментальное исследование доказало эффективность определенных и апробированных нами направлений совершенствования гуманизации отношений в интегрированной среде высшего учебного заведения как приоритетного условия воспитания гражданственности студентов с особыми потребностями.

## ЛИТЕРАТУРА

1 Бех І.Д. Виховання особистості. У 2 кн. / І.Д. Бех. – Київ: Либідь, 2003. – Кн. 1. «Особистісно орієнтований підхід: теоретико-технологічні засади». – 280 с.

2 Бех І.Д. Виховання особистості: підручник / І.Д. Бех. – Київ: Либідь, 2008. – 848 с.

3 Бех І. Концепція виховання гуманістичних цінностей в учнів загальноосвітньої школи / Іван Бех, Ніна Ганнусенко, Катерина Чорна // Українське релігієзнавство. – 2005. – № 4 (36). – С. 265-281.

4 Бех І.Д. Виховання в особистісному вимірі / І.Д. Бех // Мистецтво життєтворчості особистості: наук.-метод. посібник. У 2 ч. – Київ: 1997. – Ч. 2. «Життєтворчий потенціал нової школи». – С. 55-95.

5 Бех І.Д. Рефлексивно-центрована організація виховного процесу / І.Д. Бех // Вища освіта України. – 2011. – № 3. – Т.1. – С. 33-40.

6 Вишневецький О.І. Гуманізація шкільного життя / О.І. Вишневецький // Радянська школа. – 1990. – № 1. – С. 41-46.

7. Енциклопедія для фахівців соціальної сфери / за заг. ред. проф. І.Д. Звереві. – Київ: Сімферополь: Універсум, 2012. – 536 с.

8 Леонтьев А.А. Внутренняя речь и процессы грамматического порождения высказывания / А.А. Леонтьев // Вопросы порожде-

ния речи и обучения языку. – М.: МГУ, 1967. – С. 6-16.

9 Соціолого-педагогічний словник: навч. посіб. [для студ. вищ. навч. закл.] / уклад. Гон-

чаренко С.У., Радул В.В., Дубінка М.М. та ін. – Київ: ЕксОб, 2004. – 304 с.

10 Сухомлинський В.О. Вибрані твори. У 5 т. – Київ: Радянська школа, 1976. – Т. 2. – 670 с.

*А. АСЫЛХАНОВА*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы  
Алматы қаласы*

*Қ.Қ. СҮЛЕЙМЕНОВА*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қаласы, Қазақстан*

## **БОЛАШАҚТА ЖАСТАРДЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРМЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫМЫЗДЫ МЕНГЕРУІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

### *Аннотация*

Бұл мақалада болашақ жастар тәрбиесіне салт-дәстүріміз бен ұлттық-әдет-ғұрпымызды меңгертуде ең алдымен ұлттық сезімін тәрбиелеу арқылы жоғарыдағы айтылған ұлттық құндылықтарымыз бен халқымыздың атадан балаға ғасырлар бойы жинақталған мол тәжірибесі, жастар арасындағы міндеттер мен жауапкершілік қасиеттерін арттыратындығы қарастырылған.

*Түйін сөздер:* салт-дәстүр, этнос, идея, тайпа, мирас, тәлім, ұрпақ, этнопедагогика, ұлт мәдениеті, рухани байлық, ұлттық тәрбие, мәдени- мұра.

В этой статье рассматривается о том что воспитания современной молодежи в духе национального патриотизма и оценивающие национальной ценности своего народа и развитие чувства ответственности и долга перед своим народом нужно осуществить путем освоения народной традиции а также веками накопленные опыты предков и воспитание национального чувства.

*Ключевые слова:* традиция, обычаи, этнос, идея, племя, воспитание, наследники, этнопедагогическа, культура нации, духовное богатство, национальное воспитание, культурное наследие.

### *Annotation*

This article focuses on educating our contemporary young people in the spirit of national patriotism, evaluating the national values of the people, developing the sense of responsibility and duty to his people and all these must be implemented through learning the folk traditions and accumulated for many centuries the experiences of ancestors and nurturing national sense.

*Key words:* tradition, customs, ethnicity, idea, tribe, education, ethno psychological, ethno pedagogic, the culture of the nation, the spiritual wealth, national education, cultural heritage.

**Қ**азақ елі тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, этнопсихология мен этнопедагогикаға мән бере бастады. Жас буынға тә-

лім-тәрбие беру қазақ педагогикасы мен психологиясындағы өміршең тәжірибелерді пайдалану батыл түрде қолға алынды. Ха-

лық педагогикасындағы ақыл-ой, идея сол халықтың тіршілік тынысы мен ұлттық тәрбие дәстүрлерімен тығыз байланыста дамып, өсіп өркендеп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табуда. Халық келер ұрпағына өзіне дейінгі қоғамдағы қолы жеткен тәрбиелік мәні бар салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымызды жинақтап пайдалана отырып, шынайы адамгершілік қасиеттерге баулып тәрбиелеуді мақсат еткен. Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде халық педагогикасының озық үлгілерін басшылыққа ала отырып тәрбиелеу. Тәрбие арқылы аға буынның кейінгі ұрпаққа мирас етіп табыстар мұрасы; озық тәжірибесі, үлгі өнегесі, әдет-ғұрпы, рухани байлығы болса, ал этнопедагогика мен этнопсихология қазақ халқының сан ғасырлар бойы атадан балаға өлмес мұра болып келе жатқан тәрбие жөніндегі жинақталған тәжірибесі. Қазақ этнопсихологиясы арқылы ақыл-ойы және сол халықтың тіршілік тынысы мен ұлттық тәрбие дәстүрі тығыз байланыста өсіп, өркендеп дамып және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетіп отырған. Халық келер ұрпағын өзіне дейінгі қоғамдық тәрбие атаулының тәрбиелік жақсы дәстүрлерін жинақтап пайдалана отырып, шынайы адамгершілік қасиеттерге баулып тәрбиелеуді мақсат еткен.

Атабабаларымыз өзінің санғасырлар бойғы ұлы тарихында жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын, рәсімдерін күні бүгінге дейін болашаққа жеткізуге ат салысуда. Көшпенді халық өзі өмір сүрген қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәдениеті мен тарихына орай болашаққа, жастарға тәлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкелді. Ол талаптар өз ұлтының салт-дәстүрін жете түсіну арқылы, ел намысын қорғау, қиыншылыққа төзе білу, ата-тегін жадында сақтау, ата салтын бұзбау, сөз асылын қастерлеу, тапқырлық пен алғырлық, адамгершілік, жасы үлкенді силау және т.б. халқымыздың бойындағы осынау асыл қасиеттерді жастарға үйрету еді.

Кез-келген халықтың пайда болуы және қалыптасу тарихы өте ұзақ әрі күрделі процесс. Халқымыздың экономикалық дамуы мен

мәдени аралас-құраластықтың нәтижесінде, белгілі бір аймақтардың тілі ортақ, этникалық салт-дәстүрі, тұрмыс тіршілігі мен өзіндік ортақ материалдық және рухани мәдениеті бар көптеген ұлттар мен бір елде бір аспанның астында бірге өмір сүріп келеміз, себебі біздің жерімізде бірнеше ұлттардың өкілдері өмір сүруде. Қазақ халқы да негізінен сонау көне дәуірден бастау алады, оған себеп қазіргі таңда археолог ғалымдарымыздың зерттеулеріне сүйенсек, сол көне дәуір ескерткіштері мен қазақтың ою-өрнектерінде көптеген ұқсастықтар бар екенін оқып, көріп жүрміз. Осындай Мемлекетімізді мекендеген халықтардың өз ұрпақтарына беретін өзіндік салт-дәстүрлерін, ұрпағының жас кезінен бойына қалыптастырып тәрбиелейді, дәл осындай ұрпақ тәрбиесі қазақ халқының бойынан да табылып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатыр, әлі жалғасын табады да, себебі тұңғыш президентіміздің биылғы жолдауындағы 2050 стратегиясын бекітуі Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстанның болашағын жалғастырушы жастарға аманат ету біздің міндетіміз: С.Қалиев [1] қазақ халқында да ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің белгілі жүйесі бар. Бұларды өсіп келе жатқан жас жеткіншектердің жадына біртіндеп сіңіріп өз ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, ұлттық тілін, мәдениетін бүгінгі күннің талап-тілегімен байланыстыра отырып тәрбие беру. Болашақты жалғастырушы жастарды әдептілікке, имандылыққа, қайырымдылыққа, адалдық пен шыншылдыққа, үлкеннің айтқан ақылын тындап, өз халқына қызмет ететін ер жүрек етіп тәрбиелеу, әрбір ата-ана мен әрбір ұстаздың, қоғамның алдында тұрған үлкен мәселе. Әр халықтың сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы ой пікір қорытындысы бар. Ол жазу-сызудан, оқу құралынан, ауыз әдебиетінен, халықтың дәстүрі мен салт-санасынан, әдет-ғұрпынан бір сөзбен айтқанда, мәдени мұраларынан тұрады. Озық өнегелі дәстүрсіз тарихи процесті елестету мүмкін емес, қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын басты міндеттердің бірі өзіндік психологиялық ой-өрісі бай еңбек сүйгіш, қайырымды жастарды тәрбиелеу болып

келеді. Әрбір халық өзінің жас ұрпағының адал, үлкенді құрметтейтін әділ, ержүрек, ар ожданы мол болып өссін деп армандайды. Сонымен қатар ұлттық салт-дәстүрді жете білуін, оларды іскерлікпен қолдануын көздейді.

Этнопедагогика ғылымы ұлттық салт-дәстүрлердің тәлімдік мән-мағынасын зерттейтін саласы болса, ал этнопсихология халқымыздың сан ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлері мен салттарындағы ұлттық сана сезімін, өмірге деген көзқарасын, өзіндік ойлау ерекшеліктерін зерттейтін ғылым. Сондықтан этнопедагогика мен этнопсихологияның даму процесінде ортақ заңдылықтар бар. Қоғамдағы қай халықтың болмасын ұлт болып қалыптасуы үшін қажетті факторлары болуы заңды нәрсе: қоғамдағы адамдардың материалдық тұрмыс жағдайы, тілі мен мәдениеті, өз отаны, өз елі, өз жері және сол ұлтқа тән кейбір этникалық ерекшеліктерінің ұлттар арасында тығыз байланыстың бар екенін білеміз, ол әсіресе, әр ұлттың ұлттық психикалық құрылымы мен ұлттық мәдениетінен және ұлттық психикалық ерекшеліктері. Мысалы: қазақ халқының өзіндік ұлттық психикалық құрылымы мен ұлттық мәдениеті және ұлттық ерекшелігі; қазақ халқының өзіне тән ұлттық мәдениетіндегі ерекше ерекшеленетін домбырасы мен айтыс өнерін айтуға болады. Сонымен қатар, салт-дәстүрлеріміздің де өзіндік ерекшеліктеріненде көреміз, олар: құда түсу, қыз ұзату, жол-жоралғы жасау, келін түсіру, кәде, ырым, қонақ күту, ұлттық тағам, үлкенді силау және т.б. ұлттық ерекшеліктеріміз бен ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен де ерекшеленеміз. Бала тәрбиесін қалыптастыруда ең әуелі ұлттық сезімін дұрыс тәрбиелеу арқылы жоғарыдағы айтылған ұлттық құрылым мен ұлттық мәдениетіміздің дұрыс қалыптасуына қол жеткізуге мүмкіндік туады.

Қ.Б. Жарықбаев [2] ұлттық сезім арқылы елін сүйуі, жерін сүйуі, халқының мәдениеті мен тілін, дінін сүйуі, ұлттық салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігі артатындығын айтқан. Этнопсихология мен этнопедагогиканың негізгі мақсаты бабаларымыздың тәрбиелік

мұра-мирастары негізінде жас ұрпақты адал өнер-білімге баулу, өмірге бейімдеу, ауыл-аймақ, отанның намысын қорғау сияқты ізгі қасиеттерді қалыптастыра отырып тәрбиелеу. Бала тәрбиесінің алғашқы қадамы туған жан ұясы, өз Отанының адал азаматы болуы ата-ана тәрбиесінен бастау алады. Халқымыз өз ұрпағын жақсы қасиеттерге баулуды үнемі негізгі мәселе деп қараған.

«Тәрбиесі жаманға жақсы ұстаздан пайда жоқ» деген шығыстың ұлы ойшылыдары, соған орай баланы жастайынан жақсы қасиеттерге баулу жағын қарастыру отбасынан басталады, ол ұшқан ұясының міндетіне айналуы керек. Әке-шешесінен алған тәрбие қандай болса, көп жағдайда баланың алдағы өмірі де соларға ұқсас жанұядан алған тәлім-тәрбиенің маңайында болатынын естен шығармаған тиімді. Көреген халқымыз өз тентегін түзеп дұрыс жолға салып отырған, сондықтан бала тәрбиесінде кеткен кемшіліктерді дер кезінде түзеп, салихалы азамат етіп тәрбиелеу жолдарында халықтық педагогика мен этнопсихологияның тигізер көмегі көп. От басының тәрбиесінен басталатын, әрбір баланың жан дүниесін дұрыс түсініп жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, өзіндік еркі, әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескеріп отыру қазіргі күннің өзекті мәселесіне айналуға, себебі кейбір ата-аналар есейген соң өзі-ақ үйренеді деп баласына тұлға ретінде қарамай тәрбиенің негізгі қырларына мән бермейді. Қазақ психологиясының бала тәрбиесінде төмендегі мына бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыруы көзделеді: қазақ ұлтының төл мәдениеті, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы арқылы жеткіншектің сана сезіміне, өмірге деген көзқарасына дұрыс бағыт бере отырып, имандылықтың қадір-қасиетін қастерлейтін ұлт жанды азамат етіп қалыптастыру. Балалар мен жастардың білімге, ғылымға деген ынта-ықыласын арттыру. Ұлтымыздың ой-парасатын нығайту мақсаты мен дарынды жастарды анықтау, олардың қабілетін дамытуға жан-жақты жағдай жасау. Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, сұлулыққа, тазалыққа үйрету. Жастардың



ішімдікке, есірткіге әуестенуіне жол бермеу, салауатты өмір сүруге баулу. Сонымен қатар, жастарды ерте балалық кезден болашақта үй болуға, шаңырақ құруға, ұл баланы қыз балаларды құрметтеуге, қыз балаларды ұл балалардың алдында тәртіп сақтауға, келешекте от басының берекесін сақтайтын әйел, келін, ана ретінде имандылыққа, әдептілікке, кішпейілділікке, жан сұлулығы мен тән сұлулығының жарасымды қасиеттеріне жастайынан тәрбиелеу. Қыз балаларды от басына қажетті әйел өнеріне үйрету; ас пісіру, үй шаруасына арласу, үй ішін тазалау, өзін-өзі таза ұстау, үнемдеу, бала тәрбиелеу және т.б. осы сияқты мәселелерді білуін осы кезден үйрету. Өнегелі халқының ерлік, жауынгерлік тарихын, ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған қас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз елін, өз жерін қорғай алатын жігерлі азамат етіп тәрбиелеу. Жас кезеңдегі тәлім-тәрбие мәселесі бала дамуының, өз ана тілін меңгеруден басталады, ұлттық сана-сезімі мен дүниетанымдық көзқарасын дұрыс қалыптастыратын да – тіл екенін естен шығармау керектігі, мысалы: көркем сөз зергері, академик жазушы Ғ. Мүсіреповтың «Ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді», – деп ұлт мәдениетінің басты белгісі тіл екенін атап көрсеткен. Қазақ халқының да бала тәрбиесі жөнінен атам заманнан жиып-терген мол тәжірибесі бар, оны халқымыз ең жақсы деген қасиеттермен байытып, ұл-қыздарының бойына сіңіріп отырған. Халықтық тәрбие бұл ғасырлар бойы сараланып, жұртшылықтың ой арманы мен тіршілік тынысы мен шаруашылық-кәсібімен, отбасылық, қоғамдық, ұлттық тәлім-тәрбиемен тығыз байланыста өмірге келіп ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жеткен та-

рихи және мәдени мұра. Сондықтан балаға осындай асыл қасиеттерімізге құрметпен қарауын ерте кезден айтып, тәрбиелеудің үлкен маңызы бар. Қазіргі кезде оқу-тәрбие процесінде этнопсихология мен этнопедагогиканы пайдалану жан-жақты өріс алып келеді. Ұлтымыздың атадан балаға ғасырлар бойы жинақталған мол тәжірибесі, жастар арасындағы міндеттер мен жауапкершілік қасиеттерінің бір-бірімен байланыстырылуында. Бұрын қазақ халқы бала тәрбиесінде ата-анасы ғана тәрбиелеп қоймаған, бүкіл ауыл болып тәрбиелеген, мысалы; үлкен кісілерге сәлем бермей, алдын кесіп өтуші болма деген сияқты сөздерді айтып отырған. Тәрбие туралы айтатын мәселе өте көп, кемшіліктерімізде жетерлік яғни тәрбие саласындағы ұнамсыз қылықтардың тамырын жою. Бүгінгі қоғамдағы жағымсыз әрекеттерден, әсіресе ұлтымыздың менталитетіне жатпайтын көптеген оқиғалардың орын алуы, өз баласынан безу, ата-анасын кәрілер үйіне өткізу, және т.с.с. мәселелер көбейіп барады, осы айтылған келеңсіз жағдайлар бүкіл қазақстандықтарды толғандыруда, осындай мәселелердің ары қарай өсуіне жол бермеу керек, осы айтылғандардың бәрі тәрбиенің отбасында мардымсыз берілуінен жол алып отыр десек қателеспейміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қалиев С. Этнопедагогика, Оқулық. – Алматы, 2006.
- 2 Жарықбаев Қ.Б., Нүкежанов Ж. Қазақ этнопсихологиясының әдіснамалық негіздерін жасау көкейкесті мәселе. – Алматы: Қаз. ҰУ, 1996.
- 3 Қалиев С. Халық педагогикасында ауыз әдебиетінің көрінуі. – Алматы: Мектеп, 1987.

УДК 159.9

Г.М. ОЖАРОВА

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті  
Педагогика және психология кафедрасы  
Талдықорған қаласы, Қазақстан*

## АУЫТҚУШЫЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТӘН ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### *Аннотация*

Ғылыми мақалада жеткіншектердің девиантты мінез-құлқы, олардың пайда болу себебі және шешілу жолдары қарастырылған.

*Түйін сөздер:* ауытқыған мінез-құлық, жеткіншек, мотив, шарт, тәрбие.

В научной статье рассматриваются психологические особенности девиантного поведения подростков и причины их появления, а так же пути их решения.

*Ключевые слова:* девиантное поведение, подросток, мотив, условия, воспитание.

### *Annotation*

The given article touches upon the psychological deviant behavior of adolescents and their causes, as well as their solutions.

*Key words:* psychological, deviant, behavior, education, adolescents.

**А**уытқушылық мінез-құлық тән жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін зерттеуде ең алдымен осы құбылыстың педагогикалық маңызы зор.

Педагогикалық шарттарға байланысты жүргізілген зерттеулерде оған берілген әртүрлі сипаттамалар бар. Жалпы «шарт» термині философияда-заттың айнала қоршаған құбылыстарға қатынасын және оның оларсыз өмір сүре алмайтындығын айқындайтын философиялық категория ретінде сипатталады. Шарт-айнала қоршаған құбылыстардың өмір сүруін қажет ететін объектілер кешенінің маңызды компоненті. Осыған сәйкес «шарт» терминін заттың, құбылыстың пайда болуы мен мүмкіндігін және оның ары қарай өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз ететін жағдай, орта, хал ахуал екендігін анықтауға болады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселесі бойынша Н.И. Болдырев өз еңбегінде мектептің тыныс-тіршілігін оның мүдделері мен оның жүрегіне төте жол табуды педагогикалық

ықпалдың неғұрлым пайдалы әдістерін қолдануды білдіреді деп көрсетеді [1].

Ұйымдастырылған жұмыстар балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал етеді:

- әртүрлі тәрбие жұмысының түрімен айналысу жеткіншектердің жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады;

- жеткіншектерде әрекетке қызығушылығын дамытып, белсенді қатысуына ықпал етеді;

- жеткіншектердің дара қабілетіне ықпал етіп, ұжымда өмір сүруге үйретеді;

- ұйымдастырылған тәрбие жұмысында жеткіншектерден шығармашылық белсенділікті талап етеді;

- жеткіншектердің сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді;

- ұйымдастырған тәрбие жұмысына ата-аналар т.б. қатыстырылып, кез-келген уақытта ұйымдастырыла береді, сонымен бірге бұл үлкен нәтиже береді.

Ұжымның ұйымшылдығы нығайып, тәртіпті мінез-құлық тән жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерінің дағдылары мен әдістері қаланған кезде дәстүр пайда болады және дұрыс қарым-қатынас қалыптасады. Бұл уақытта ұжымда жеткіншектердің өзін-өзі басқаруы қалыптасады және белгілі бір беделге ие бола бастайды. Педагогтың алдында ұжымдағы жақсы атаулының бәрін және озат істі дамытуға, қолдауға септігін тигізетін топтың қоғамдық пікірін жұмылдыру, белсенді оқу және қоғамдық қызметіне бөгет жасаушымен күресті ұйымдастыру міндеті тұр [2].

Ауытқушылық мінез-құлық тән жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін есепке алу негізінде оның жағымды аспектілерін қалыптастыруда белгілі бір мотивтерге байланысты жеткіншектердің мінез-құлқы өзгеріп отырады.

Мотив-адамның мінез-құлқын қозғайтын, жағымды әрекеттерге бағыттайтын күш. Тиісті мотивтер болмайынша мінез-құлық тән жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерінің қажетті нормалары бекімейді, мінез-құлық тән жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктері, қасиеттері қалыптаспайды. Сол себепті педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған жеткіншектердің күнделікті өмірі әдетті тәрбиелеудің неғұрлым тиімді жолы болып табылады. Әдет-әрекет жасауды қажетсіну. Әдет дағдылармен тығыз байланысты. Бала қол жуу, тісін тазалау, төсегін жинау сияқты кейбір дағдыларды игереді [3].

Педагог ауытқушылық мінез-құлық тән жеткіншектерді тәртіпке тәрбиелеуде бағытталған жұмысты екі бағытта ұйымдастыру керек:

- ауытқушылық мінез-құлық тән жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін анықтау негізінде формалары мен ережелерін түсіндіру, яғни ауытқушылық идеялық мінез-құлық тән жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктері білім алуы;

- ауытқушылық мінез-құлық тән жеткіншектердің практикалық қызметін ұйымдастыру барынша нақты белгіленуі керек.

Ауытқушылық мінез-құлық тән жеткіншектердің мінез-құлық ережелері ең алды-

мен адамдардан, содан кейін барып жеткіншектердің өздерінен туындайтын сырттай талаптар болып табылады. Бұлар жеткіншектердің өзара қарым-қатынасқа байланысты белгілі бір әрекет нормаларын жасауына көмектеседі, яғни мінез-құлық тән жеткіншектердің тәртіп ережелері негізінде әдеп нормаларын анықтап отырады.

Дегенмен жеткіншектердің жағдайындағы саналы іс-әрекеті мен тәрбиесі отбасы тәрбиесімен бірге мектептегі ұйымдастырылған жұмыстарға, қоршаған ортасына байланысты келеді. Ол үшін біз ауытқушылық мінез-құлық тән жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін анықтау негізінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың жүйелілік сипатын қарастыру қажет.

Ұйымдастырылған тәрбие жұмысы жеткіншектердің жас мөлшеріне, психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейіне сай белгіленуге тиіс.

Ұсынылып отырған педагогикалық шарттар ауытқушылық мінез-құлық тән жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін анықтау негізінде тәрбиелеуде ұйымдастырылған жұмыстардың махмұнын және әдістемесін жасауға негіз болады.

Қазақстан Республикасында адамдар арасында да, жастар арасында да қоғамға қауіпті қылмыс жасау барған сайын көбейіп келеді. Бұндай мәліметтерді біз Қазақстан Республикасының 2009-2010 жылдардағы Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 2010-2011 жылға дейінгі статистикалық мәліметтерінен көруімізге болады, мысалы, жыл сайын тіркелген қылмыстар саны бұл қарап отырған кезең аяғында 61,2 %-ға өскен.

Сондықтан да қылмыспен күресу үшін және оның алдын алу үшін, бүгінгі таңда жас адамдардың қылмысқа барудағы негізгі себептерін анықтай отырып, оған қатысты ұсыныстар жасалынуы аса қажет. Өйткені қазіргі таңда Қазақстан Республикасы аумағында осы бағытта жұмыстардың жеткіліксіз тұстары кездесуде. Мысал ретінде тоқталатын болсақ, соңғы жылдары криминалогиялық зерттеулерде

жастардың қарама-қарсы екі санатын – студенттер мен ішкі істер органдарының кәметке толмағандардың істері бойынша бөлімшелерінде есепте тұрған жастарды біріктіріп, зерделеу мақсаты алға қойылған жоқ. Жеткіншектердің құқық бұзуға бейім мінез-құлқын оларға нашар әлеуметтік орта әсер еткендіктен, сол ықпалдан барып қалыптасқан бейморальдық, бірақ қылмыстық емес мінез-құлық (девианттық) деп қарастырады [4].

«Математиканы оқытуында оқушылардың сыншылдық қасиеті үнемі мұғалімге табынбау, оқулыққа табынбау, мұғалімнің айтқандарын талдау жасай отырып қабылдау, нендей іс болсын олардың бәріне сын көзбен қарап жүгірту, онан соң барып шешім жасау жақтарына бейнелеу», – дейді Жиү Рүйли [3]. Ойлау барысындағы қайшылықтарды байқауға шебер болып, түйіншек тұрған орынды дәп басып көрсету керек. Өзін-өзі «сараптау» ға мақұл болу, ерікті түрде мәселе шешу әдістеріне қарата тексеру (саралау) алып бару, өзінің кемшіліктері мен қателіктерін тауып, оны түзетіп, қайтадан ой жүгіртіп көру арқылы мәселенің сақталып тұрған жерін тауып шығу жақтарына бейнелеу керек.

3-мысал:  $(-5 \leq x \leq 0) y = 1 - \sqrt{25 - x^2}$  функциясының кері функциясын табу керек.

Шешуі: бастапқы өрнектен мынаған ие боламыз:  $\sqrt{25 - x^2} = 1 - y$ , квадратқа көтерсек,

$$25 - x^2 = 1 - 2y + y^2 \cdot x = \sqrt{-y^2 + 2y + 24}$$

$$\text{яғни } x^2 = 24 + 2y - y^2.$$

$x$  пен  $y$  тың орындарын ауыстырсақ, онда

$y = \sqrt{-x^2 + 2x + 24}$  болып, таппақшы болған

кері функциямыз  $y = \sqrt{-x^2 + 2x + 24}$  болады.

Оқушыларды математикалық ойлаудың сыншылдығына баулуда, төмендегі бірнеше жақтардан кірісу керек:

(1) Математикалық қатаңдық тәрбиесін күшейтіп, оқушыларды математикалық тіл жөніндегі бөлімсіз айырмашылықтарға талдау жүргізуге, ойлау барысындағы қайшылық және шалағайлықтарды байқауға шебер болу үнемі жетелеп отыру, қателікті түзету әдісін ортаға қою керек.

(2) Тиіптік қателіктерге талдау жасау арқылы, дұрыс пен бұрысты айыратын қабілетті жоғарлату керек.

(3) Оқушыларға таңдау сұрауларын өздеріне құрастырып таңдап алынатын тармақтарын табу қимылымен қаруландыру керек. Міне бұл ойлау жасампаздығының басталуын жетілдіруге сондай-ақ дұрыс пен бұрысты айыруға жаттықтыру пайдалы.

(4) Қарсы мысалдарды байқау жаттығуын жасату керек. Сонда ол, математиканың қатаңдығы тәрбиесін жүргізу, сондай-ақ математикалық ойлау сыншылдығын жетілдіру жақтарна да пайдалы болады.

#### (5) Ептілік

Математикалық ойлаудың ептілігі дегеніміз математикалық ойлау барысындағы ықшамдылық тездікті көрсетеді, сондай-ақ жылдамдық пен өнімділіктің белгісі болып, ойдың үйлесімділігін негіз етеді. Үйлесімділік дегеніміз негізінен әдістік түсінікті, төтесінен бөледі, бұралаң жол баспауды, өз алдына жол салып шешіміне тез қол жеткізуді көрсетеді.

5-мысал.  $\frac{a}{\cos A} = \frac{b}{\cos B} = \frac{c}{\cos C}$  деп беріген,

ендеше  $a$ ,  $b$ ,  $c$  лар қабырғалары болатын үшбұрыш қандай үшбұрыш болатындығына кесім жасаңдар.

Бұл мәселені бақылау жөнінен алғанда, мындай үш түрлі ойлау келіп шығады.

(1) белгісі бойынша:

$$\frac{a}{b^2 + c^2 - a^2} = \frac{b}{a^2 + c^2 - b^2} = \frac{c}{a^2 + b^2 - c^2}$$

(2) белгісі бойынша:

$$\frac{k \cdot \sin A}{\cos A} = \frac{k \cdot \sin B}{\cos B} = \frac{k \cdot \sin C}{\cos C}$$

(3) белгісі бойынша:

$$\frac{k \cdot \sin A}{b^2 + c^2 - a^2} = \frac{k \cdot \sin B}{a^2 + c^2 - b^2} = \frac{k \cdot \sin C}{a^2 + b^2 - c^2} .$$

(1) Түрлі бақылау талдау жасау бойынша мәселенің шешіміне қол жеткізуге болатындығымен, уақытты көп алып, оңай қателік туады.

(3) түрлі бақылап, талдау жасау бойынша формулалардың қолданылу жақтарында ешқандай қателік жоқ, бірақ бұрынғыдан тіпті де күрделі өрнекке айналдырып мәселені шешу мүшкіл күйге түсіп қалады.

(2) Түрлі бақылап, талдау бойынша болса, ой жүгірту жолы дұрыс, шешу, әдісі ықшам болып, мәселе шешудің өнімділігі айтарлықтай жоғарлайды.

Оқушылар математикалық ойлау ептілігін жетілдіруде мынадай бірнеше жақтардан бастап кірісуі керек:

(1) Математикалық тілді оқыту жағында үш түрлі тіл формасын яғни ауызша тіл, таңбалық тіл, кескіндік тілдерді органикалық түрде бірлестіріп сөйлеу керек.

(2) Ойлаудың үйлесімді болуы үшін, тілдер арасындағы өзара аударылу, бірі-біріне ауысуына көңіл бөлу, үйлесуіне қарай отырып жақсысын алып істеткенде ғана бұраң жол басудан аулақ болуға болады.

(3) Оқыту барысында ой түйіндерінің қалыптасуына көңіл бөлу керек. Осылай істегенде қысқа ойлап мақсатқа тез жетуге болады.

#### (6) Ойдың кеңдігі.

Ойдың кеңдігі дегеніміз бір мәселеге қарата көп жақтан ойлай алатын болуды көрсетеді. Ойдың кеңдігі мәселе шешу барысында мәселенің тұтас тұлғасына жалпы жақтан ой жүгірте алу немесе ой жүгірте алмау жақтарынан, заттардың арасындағы көп бағытты байланыстарды байқай алу мен

байқай алмау, сондай-ақ мәселеге алуан түрлі тұрғыдан, әртүрлі бағыттан талдау жүргізіп, жауабын іздеу жақтарынан бейнеленеді.

Ойдың кеңдігін дамытуда мынадай бірнеше жақтарға баса мән беру керек:

(1) Оқушыларға кері ойлау әдісін игерту арқылы ойлаудың кеңдігін дамыту керек. Керісіне ойлау әдісі дегеніміз адамдардың мәселеге әдеттенген ойлау формасына қарсы бағытта тұрып ой жүгіртетін бір түрлі ойлау формасын көрсетеді. Мәселен, белгілі ғалым Сы Мағұң бала кезінде көбідегі суға түсіп кеткен сәбиді күбіні шағып тастау арқылы құтқарып, өзінің жұрттан асқан өзгеше ойлау формасын әйгілеген болатын. Егер бұл жерде біздің әдеттенген ойлау формамыз бойынша болатын болса, баланы күбіден шығарып құтқарамыз, Сы Мағұның бұл ойлау формасы керісінше ойлау әдісінің тиіптік мысалы деуге болады.

Орта мектеп математика оқулықтарында қосу мен азайту, бөлу мен көбейту, дәрежелеру мен түбір табу, көпмүшеліктерді көбейтумен көпмүшеліктерді көбейткіштерге жіктеу қатарлы кері амалдар қайталанып отыратындықтан, оқушылар бұл мазмұндарға бір шама қанық. Сөйте тұра көптеген есептеулердегі кері қасиеттер оқытушының мақсатты түрде жетекшілік етуін, кейбір жасырын жақтан кері қасиеттерді оқытушының талдап түсіндіруін қажет етеді. Ал, бұл мәселелер оқыту барысында кері ойлау қабілетінің дамуына түрткі болады.

*6-мысал.*  $\operatorname{tg} x = 1$  деп берілген,

$\frac{1}{3 \sin^2 x + 2 \cos^2 x}$  дың мәнін табу керек.

*Шешуі:*

$$\frac{1}{3 \sin^2 x + 2 \cos^2 x} = \frac{\sin^2 x + \cos^2 x}{3 \sin^2 x + 2 \cos^2 x} = \frac{\operatorname{tg}^2 x + 1}{3 \operatorname{tg} x + 2} = \frac{2}{5}.$$

Бұл мәселеде кері ойлау арқылы өрнек ықшамдалады. Оқушылар әдетте  $\sin^2 x$  пен  $\cos^2 x$  дың қосындысы 1 дегенге қанық, алайда «1» дың  $\sin^2 x$  пен  $\cos^2 x$  дың

қосындысы екендігін көп ойласпайды. «1» ең қарапайым цифр, бірақ ол мәселенің жағдайына қарай алуан түрлі өрнектеледі, сондықтан мәселелерді шешу барыстарында үнемі септігін тигізіп отырады.

Мысалы, «1» мындай сан алуан түрде өрнектеле береді:

$$\sin^2 x + \cos^2 x, \frac{n}{n}, (1-a) + a, x^0, \operatorname{ctg} 10^\circ$$

$$[(1+x) - x]n, \operatorname{tg} 1^\circ, \operatorname{tg} 2^\circ, \operatorname{tg} 3^\circ \dots \operatorname{tg} 89^\circ, \dots$$

(2) оқушылардың көп бағытты ойлау қабілетін жетілдіру арқылы ойлаудың жан-жақты дамыту.

Оқушылардың кері ойлау қабілеті мен тікелей ойлау қабілетін дамып белгілі деңгейге жеткеннен кейін олардағы ойлау формасы жалаң ойлаудан екі жақтылы ойлау формасына қарай бұрылыс жасайды.

Орта мектеп математикасында белгісіз ауыстыру «рационал өрнектерді ауыстыру», «түбір өрнектерді алмастыру», «көрсеткіштік, логарифмдік өрнектерді алмастыру», «тригонометриялық алмастырулар», «комплекс айниманы ауыстыру», «симметриялық алмастыру» қатарлыларды қамтиды. Бұларға байланысты мәселелерде көптеп кездеседі.

*8-мысал.* Мына функцияның мәндер облысын табу керек:

$$y = \sqrt{a^2 + x^2} + \sqrt{a^2 + (a-x)^2}$$

*Шешуі:*  $z_2 = a + (a-x)i$ ,  $z_1 = a + xi$  деп алып алмастыру жасайтын болсақ, онда мынадай болады:

$$z_1 + z_2 = 2a + ai$$

$$\therefore y = \sqrt{a^2 + x^2} + \sqrt{a^2 + (a-x)^2} = |z_1| + |z_2| \geq |z_1 + z_2| = |2a + ai| = \sqrt{5}a$$

$$+ z_2| = |2a + ai| = \sqrt{5}a$$

Мұнда  $x = \frac{a}{2}$  болған кезде, «=» құрылады яғни  $y = \sqrt{5}a$  болады.

$$\therefore x \rightarrow +\infty, \Rightarrow y \rightarrow +\infty$$

ӘДЕБИЕТТЕР

әрі  $x, y$  тың үздіксіз функция болғандықтан

$y$  тың мәндер облысы  $(\sqrt{5}, +\infty)$  болады.

Қорыта келгенде, математикалық ойлаудың қасиеттері икемділік жасампаздық, тереңдік, сыншылдық, ептілік, кеңділіктен басқа талқылау сипатындық, мақсаттылық қатарлы қасиеттері бар. Жоғарыда баяндалғандар солардың ішіндегі ең маңыздылары болып есептеледі, қалған ойлау қасиеттері олармен тығыз байланыста болады.

1 Оганесиян А.В. «Орта, бастауыш мектеп математикасын оқыту әдістемесі».

2 Уаң Жұңчүн «Математикалық ой және математикалық әдісі назариясы», жоғары оқу-ағарту баспасы, 1989.

3 Жиү Рүйли, Ров Зымин «Орта мектеп математика әдіс назариясы» Гуаңши оқу-ағарту баспасы, 1999.

*К.Т. МУЛДАБЕКОВА*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Магистратура және PhD докторантура Институты  
Алматы қаласы, Қазақстан*

**БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АҚПАРАТТЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Аннотация*

Еліміздің ақпараттандыру үдерісінің басым бағыттарының бірі білімді ақпараттандыру – білім беру сферасын әдістемелік және техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету, оқыту мен тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына негізделген заманауи технологияларды оңтайлы пайдалану жайлы сөз болады. Бұл үдерісті іске асырушы әрекеттер қоса айтылады.

*Түйін сөздер:* құзыреттілік, ақпараттық технология, оқуға арналған медиа, компьютерлік технология.

В статье рассматривается использование информационно-коммуникационных технологий для развития профессиональной компетентности в сфере образования нашей страны. Приведены методы и приемы использования инновационных технологий.

*Ключевые слова:* компетентность, информационная технология, медиа для обучения, компьютерная технология.

*Annotation*

The article discusses the use of information and communication technologies for the development of professional competence in the field of education in our country. There have been given the ways of using of innovative technologies.

*Keywords:* competence, information technology and media for learning computer technology.

**Ғ**ылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптас-

тырып, адамның қабілетін, талантын дамыту, білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі

ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты жолдауында: «Сапалы білім беру Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуының негізі болуы тиіс» деп атап көрсетілгендей қазіргі кездегі білім беру жүйесі әлемдік өркениет көшіне сай, жан-жақты ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етіліп келеді [1].

Сондықтан әрбір студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

«Ақпараттық технология» термині ғылымда ХХғ.-дың 40 – 50 жылдары пайда болған. Оны Америкада ХХғ.-дың басында дидактиктер «оқуға арналған медиа» (instruction media), «оқыту машиналары» (teaching machines), «оқытуды автоматты түрде басқару» (programmed instruction) сияқты ұғымдармен атаған.

Ресейде алғаш «ақпараттық технология» терминін зерттеген ғалымдар В.М. Монахов, В.В. Попов, А.В. Соловьев және т.б.

Оқу-тәрбие үрдісін компьютерлендіру, оқытудың жаңа ақпаратық технологияларын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану мәселелері бойынша қазақстандық ғалымдар Д.М. Джусубалиева, К.Т. Искакова, Ж.А. Қараев, Г.Қ. Нұрғалиева т.б ғалымдардың еңбектерінде жазылған [2].

*Ақпараттық технология* – объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтер жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс.

*Компьютерлік технология* – компьютерлік өңдеу базасындағы ақпараттық технология.

Қоғамды ақпараттандыру келесі жағдайларды қамтамасыз етеді:

- қоғам мүшелері әрекеттерінің тұрақты кеңейетін баспа түрінде жинақталған ғылыми, өндірістік интеллектуалдық потенциалын белсенді пайдалану;

- қоғамдық өндірістің барлық сфераларының дамуын іске асыратын ғылыми және өндірістік ақпараттық технологияларды интеграциялау;

- пайдаланылатын мәліметтердің нақтылығын, бейнеленетін ақпараттардың визуалдылығын, қоғамның кез-келген мүшесінің сенімді ақпарат көздерін пайдалануын, ақпараттық қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету [3].

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру үдерісінің басым бағыттарының бірі білімді ақпараттандыру – білім беру сферасын әдістемелік және техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету, оқыту мен тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына негізделген заманауи технологияларды оңтайлы пайдалану болып табылады. Бұл үдеріс төмендегі әрекеттерді іске асырады:

- білім беру жүйесін басқару механизмдерін автоматтандырылған ғылыми-педагогикалық қорларды, коммуникациялық желілерді пайдалану негізінде жетілдіру;

- қазіргі заманғы қоғамды ақпараттандыру шартында тұлғаны дамыту міндеттеріне сәйкес оқыту, тәрбиелеудің ұйымдастырылған формаларын әдістерін, сұрыптау стратегиялары мен әдістемесін жетілдіру;

- студенттердің интеллектуалдық дамуына, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыруға, ақпараттық-оқу, тәжірибелік-зерттеу әрекеттерін іске асыруға, ақпараттарды өңдеу бойынша өзіндік жұмыстардың әртүрлілігіне бағдарланған оқытудың әдістемелік жүйелерін құру;

- студенттердің білім деңгейін бағалау мен бақылауды айқындаушы компьютерлік тестілік бағдарлама жасау әдістемесін құру және қолдану.

Жоғары оқу орындарында ақпараттық-компьютерлік технологияларды пайдаланудың негізгі бағыттарын төмендегідей етіп бөлуге болады:

- практикалық, семинар және дәріс сабақтарында автоматтандырылған оқу жүйесін қолдану;

Педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгеру оқытушыдан орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер оқытушының жаңа технологияны меңгеріп, инновациялық жетілуіне әкеледі.

*Білім беруді ақпараттандырудың мақсаты:*

Қазақстан Республикасындағы ақпараттық білім беру кеңістігін әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру.

*Білім беруді ақпараттандырудың міндеттері:*

- ақпараттық және телекоммуникациялық техникалық құралдармен қамтамасыз ету;
- білім беруді ақпараттандыру бойынша практикалық шараларды анықтау;
- оқу-тәрбие үдерісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізуді қамтамасыз ету бойынша ғылыми-ізденушілік және оқу-әдістемелік жұмыстарын жүргізу;
- пәндер бойынша жасақталатын жалпыға міндетті білім стандарттарының және оқу-әдістемелік кешендерінің мазмұнын ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіндіктерімен жетілдіру білім беруді басқаруда ақпараттық жүйені құру;
- білім беруді ақпараттандыру бойынша тәжірибелік шараларды анықтап, жүзеге асыру;
- оқу-тәрбие үрдісіне АКТ-ны енгізуді қамтамасыз ету бойынша ғылыми – ізденушілік және оқу әдістемелік жұмыстарын жүргізу;
- жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және оқу – әдістемелік кешендерінің мазмұнын АКТ-ны пайдалану мүмкіндіктерімен жетілдіру, білім беруді басқаруда ақпараттық жүйені құру;
- білім беру сапасын арттыру мақсатында программалық – техникалық құралдармен қамтамасыз ету және мультимедиялық программалар мен электрондық оқулықтарды жасақтау;
- оқытушылардың АКТ-ны өз қызметтерінде еркін пайдалана білуге дайындау және жүйелі түрде біліктіліктерін арттыру.
- педагог кадрларды жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пай-

далана білуге дайындау және жүйелі түрде біліктіліктерін көтеру [4].

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін көтеру – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің бірі екендігі даусыз. Педагог мамандардың біліктілігін көтеруді ақпараттандыру, қажеттілікті шешу барысында педагог мамандардың біліктілігін ақпараттық технологияны өз қызметтеріне пайдалану, педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

*Білім беруді ақпараттандырудың негізгі қағидалары:*

- оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдылығы (интенсификация)
  - білім мен тәрбиенің бірізділігі;
  - қоғамның әрбір мүшесі үшін алынытын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі;
  - жеке тұлғаның интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
  - жалпы ақпараттық сауаттылық;
- Білім беруді ақпараттандыру жағдайында күтілетін нәтижелер:*
- АКТ-ны қолдану арқылы білімнің сапасын арттыру;
  - АКТ -ны енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;
  - АКТ- ны қолдану саласы бойынша студенттерді мамандыққа баулу механизмін құру;
  - біздің елімізде және шет елдердегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену;
  - мультимедиялық электрондық оқулықтарды, виртуальдық лабораторияларды және бақылау программаларын жасақтап, қамтамасыз ету.
  - отандық білім беру жүйесін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру;

Білім саясатының басты бағыты ретінде кәсіптік білім сапасын арттыруда педагогикалық пәндерді оқытуда, студенттердің ақпараттық кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі басым бағыт алады. Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асуы студенттердің педагогикалық пәндерге қызығушылықтарын

оятып, белсенділіктерін арттыруды, алған білімдерін тәжірибеде пайдалану, яғни семинар, өзіндік жұмыстар, практика барысында практикалық сабақтардағы біліктілігі мен кәсіби құзыреттілігінің жүзеге асырылуынан көрінеді [5].

XXI ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және интерактивті технология құралдарын, мультимедиялық-электрондық оқулықтарды оқыту үдерісінде тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеруге қолжетімді болмақ. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі айқын көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты тұлғаға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болып отыр. Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды.

Педагог мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде дайындауда келесі қағидалар негізге алынған:

- вариативтілік – әрбір білім беру қызметкерлерінің жасақтаған материалдарына сәйкес біліктілікті көтеру жүйесін бағыттайды;

- болашақ негізделген – күтілетін нәтижені анықтайтын кезеңдік бағдарламалардың бағытын орнықтырады және жеке тұлғаға бағытталған курстың жалпылама мақсатын анықтайды;

- рефлексивті-креативті – жаңа ақпараттық технологияларды меңгерту білімдерін ұымдастыруда курстың бағыты даралық-шығармашылық негізге бағытталуы қажет;

- эргономикалық – нақтылы мәселелерді үйренуге қажетті уақыт мөлшері талап етіледі;

- ізгіліктілік – бейімделген оқыту жүйесін құруды талап етеді, біліктілікті көтеру жүйесінің құрылымы мен нақтылы нәтижесін анықтау;

- тәжірибеге бағытталған – оқыту көздерінің бірі ретінде оқытушылардың тәжірибесі қолдану ой-пікірі жүзеге асырылады және нақтылы іс-әрекеттер бойынша тыңдаушылардың танымдық үдерістерінің өзара байланыстылығы мен олардың жеке тұлға ретінде қалыптасу деңгейі анықталады;

- жекелеген кеңес беру – тыңдаушыларға кеңес беру ұсынылады. Ол мына бағытта жүргізіледі: Әрбір тыңдаушының өзіндік ерекшелігін ескере отырып қойылған нәтижелерге жетуге байланысты игерілетін мәселелердің мазмұны мен оған қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.

Жаңа ақпараттық технологиясына дайындау мынадай екі негізгі модуль бойынша құрастырылған: «Педагогтың ақпараттық құзырлығы» және «Оқытудағы ақпараттық технологиялар» [6].

Ақпараттық мәдениетті дамыту қазіргі педагогтың ақпараттық құзырлығына қойылатын талаптарына сай анықталады:

1. Қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық кеңістік туралы біртұтас түсінікті қалыптастыру (бүкіләлемдік ақпараттық ресурстарға бағдарлау, ақпараттарды іздеу алгоритмі мен ақпараттарды талдау-синтетикалық тұрғыдан өңдеу әдістерін меңгерту).

2. Ақпараттық (дербес жағдайда, компьютерлік) сауаттылық: оқу-әдістемелік, озық тәжірибелерді зерттеу, ғылыми-зерттеу нәтижелерін түрлендіру мен технологияларды қолдану әдістерін меңгерту; қолданбалы бағдарламалық құралдарды меңгерту; жаңа бағдарламалық құралдарды меңгерту.

3. Өз қызметтерін жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану; жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктері туралы білім; коммуникациялық қызметтерді пайдалану дағдысы; білім беру үдерісінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық бағдарламалық құралдарды қолдану және оларды өз қызметтерімізге сәйкес бейімдеп пайдалану.

Яғни, білім беру жүйесінің барлық саласында жаңа ақпараттық технологияны жоспарлы түрде енгізіп, жүйелік интегралды өткізу немесе қамтамасыз ету қажеттілігі ту-

ындап отыр. Қазіргі замандағы ақпараттық технология әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Дәл осы ақпараттық технология мен әрбір тұлғаның өзіндік білім алу траекториясын таңдауына жол беретін анық білім беру жүйесін құруды, оқу бағдарламаларының бағдарламалануы және өзгермелі бейімделінуі есебінен оқу үдерісінің біртұтастығын сақтай отырып оны дараландыруға мүмкіндік беретін компьютердің маңызды дидактикалық қасиеті негізінде тұлғаның оқу үдерісінде танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім алу технологиясын түбегейлі өзгертуді тығыз байланыстырады.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты; Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады. Олай болса, білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2011ж. [www.vvmvd.kz](http://www.vvmvd.kz) сайты.

2 Бидайбеков Е.Ы. Подготовка специалистов совмещенного и информационного профиля в Республике Казахстан. – Алматы: АГУ им. Абая, 1998. – 123 с.

3 Пидкасистый И.И. Педагогика: Учебное пособие / И.И. Пидкасистый. – Москва: Российское педагогическое агенство, 1995 – С. 49-54.

4 Кенжебеков Б.Т. Маманның кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізі //Бастауыш университет. – 2005, №3. – Б. 3-7.

5 Краевский В.В. мен Лернер И.Я. Теоретические основы содержания общего и среднего образования. – М., Педагогика, 1983. – 214 с.

6 Беркінбаев К.М., Сыдықов Б.Д. Информатикалық пәндерді оқытудың педагогикалық технологиясы. // Қазақстан мектебі. 2006, – №11, 33-35 б.



## ИНФОРМАЦИЯ

4-5 апреля 2013 года в соответствии с планом работы Ассоциации вузов «Ұстаз» («Педагог») на базе Жетысуского государственного университета им.И.Жансугурова был проведен республиканский конкурс молодых педагогов «Преподаватель XXI века» среди преподавателей высших учебных заведений Республики Казахстан.

Республиканский конкурс был направлен на:

1) выявление творчески работающих педагогов, имеющих высокий профессиональный рейтинг среди коллег и студентов;

2) распространение передового педагогического опыта.

### Целью конкурса:

- Совершенствование профессиональной квалификации и творческой активности преподавателей вузов.

### Задачи конкурса:

- выявление талантливых преподавателей, их поддержка и поощрение;

- развитие творческих, интеллектуальных, коммуникативных способностей участников конкурса;

- повышение престижа педагогической профессии;

- выявление новых образовательных технологий, оригинальных методик преподавания;

- распространение передового педагогического опыта.

В конкурсе в соответствии с правилами организации и проведения конкурса принимали участие преподаватели в возрасте до 40 лет, имеющие соответствующую квалификацию, стаж научно-педагогической деятельности не менее 3 лет.

На конкурс подали заявки 38 преподавателей из 21 вуза. В конкурсе приняли:

№	ФИО участников	Место работы и специальность
<b>Костанайский государственный педагогический институт</b>		
1	Божекенова Женискуль Турсынбаевна	Преподаватель кафедры биологии и географии
2	Алипбаева Гульжан Агыбаевна	Старший преподаватель кафедры дошкольного, начального и специального образования
3	Данилова Виктория Валерьевна	Старший преподаватель кафедры иностранных языков
<b>Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова</b>		
4	Кудайбергенова Маржан Рыскулбековна	Кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры английского языка
5	Кадирбаева Алмагуль Аккөпейовна	Кандидат технических наук, доцент кафедры химической технологии неорганических веществ
<b>Аркалыкский государственный педагогический институт им.И.Алтынсарина</b>		
6	Сейдина Мөлдiр Зикировна	Преподаватель кафедры педагогики и психологии, магистр
<b>Казахский государственный женский педагогический университет</b>		
7	Рысқұлбекова Асима Дәулетбековна	Кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры общей педагогики
8	Аргынбаева Зауре Музировна	Зам.декана факультета естествознания по воспитательной работе
<b>Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова</b>		
9	Дүйсекенова Айнагүл Байғаниновна	Старший преподаватель кафедры сельскохозяйственных специальностей

<b>Казахский национальный педагогический университет им. Абая</b>		
10	Казкенова Аимгуль Каирбековна	Кандидат филологических наук, доцент кафедры русского языка и литературы
11	Кенжегараев Ноябрь Жанатович	Кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры национального воспитания и самопознания
12	Абаева Мадина Қабыловна	Кандидат филологических наук, доцент кафедры русского языка и литературы
<b>Северо-Казахстанский государственный университет им. М.Козыбаева</b>		
13	Кантарбаева Эльмира Ерболовна	Ст.преподаватель кафедры сельского хозяйства
14	Шевченко Светлана Анатольевна	Старший преподаватель кафедры педагогики
<b>Актюбинский государственный педагогический институт</b>		
15	Тенеряднова Светлана Павловна	Ст.преподаватель кафедры социальной педагогики и самопознания
<b>Евразийский гуманитарный институт</b>		
16	Дауренбекова Лаура Ноғайбекқызы	Кандидат филологических наук, доцент кафедры казахской и русской филологии
17	Кызырова Макпал Абаевна	старший преподаватель кафедра иностранных языков
18	Қосжанова Ақмарал Сағатбековна	преподаватель кафедра иностранных языков
19	Давлетова Салтанат Есенғалиевна	старший преподаватель кафедра иностранных языков
20	Саулен Нуржан	Старший преподаватель кафедры государственно-правовых дисциплин
<b>Семипалатинский государственный педагогический институт</b>		
21	Рахымбердиева Айнур Валерьевна	Преподаватель кафедры педагогики, магистр педагогики
<b>Таразский государственный педагогический институт</b>		
22	Нурманова Сымбат Тиянақбаевна	Преподаватель кафедры музыкального образования
<b>Жетысуский государственный университет им.И.Жансугурова</b>		
23	Джанкулдукова Асель Жамбыловна	Кандидат биологических наук, заведующая лабораторией по изучению интеллекта и здоровья человека
24	Окпебаева Гульнур Шерниязовна	Преподаватель кафедры математики и методики преподавания математики, магистр
25	Сериев Болат Абдулдаевич	Кандидат юридических наук, зав.кафедрой уголовно-правовых дисциплин
<b>Казахский национальный университет им. аль-Фараби</b>		
26	Қалымбек Бақытжан	Кандидат юридических наук, доцент кафедры таможенного, финансового и экологического права
27	Нысанбекова Ляззат Бегимжановна	Старший преподаватель кафедры международного права
<b>Кызылординский государственный университет им. Қорқыт ата</b>		
28	Дауренбеков Қуаныш Қойшығұлович	Зав.кафедрой вычислительной техники и информационных систем
<b>Таразский государственный университет имени Х.Дулати</b>		
29	Шевцов Александр Николаевич	Магистр математики, кандидат технических наук, и.о. доцента кафедры «Прикладная математика»

Казахский национальный технический университет им.К.Сатпаева		
30	Бейсембаева Маржан Сабыржановна	Преподаватель кафедры «Финансы»
Алматинский технологический университет		
31	Джураева Гульшат Амагельдиевна	Старший преподаватель кафедры «Дизайн»
32	Надилова Санам Абдуллаевна	Старший преподаватель кафедры «Пищевая биотехнология»
Казахский экономический университет им. Т.Рыскулова		
33	Туkenова Ляйля Муратбековна	Кандидат физико-математических наук, доцент кафедры «Прикладная информатика»

Для участия в республиканском конкурсе необходимо было представить в оргкомитет следующие материалы:

√ Анкета участника (Резюме)  
√ Описание опыта работы (педагогических достижений).

√ Персональный творческий отчет конкурсанта:

- авторские программы;
- пособия;
- методические разработки;
- активный раздаточный материал к занятиям (АРМ);
- руководство учебно-исследовательской и научно-исследовательской работой студентов (с подтверждающими документами).

√ Наличие удостоверения, свидетельства, сертификата или другого документа, подтверждающего факт повышения квалификации.

### Конкурс состоял из 3-х туров.

**I тур – домашнее задание.** Проводилась экспертиза представленных конкурсантами научных проектов членами конкурсной комиссии для определения состава конкурсантов, допущенных к участию в конкурсе.

Представленные материалы оценивались в соответствии со следующими критериями:

√ актуальность проекта (решение современных проблем развития личности в современной образовательной среде, ориентация на гуманистическую педагогику);

√ практическая значимость (использование опыта в вузе, опыт может быть перенесен

в другие условия, или должен представлять общественный интерес);

√ убедительность (аргументированность ценности опыта, логичность);

√ нестандартные методы и приемы (что нового, нестандартного внес педагог в педагогические технологии);

√ апробация опыта (кто наблюдал, посетил, анализировал; оценки опыта, свидетельствующие о качестве работы);

√ степень доступности тиражирования предложенной технологии (методики, проекта) (описан ли опыт, в какой форме, как предлагается распространение опыта);

√ культура оформления (научность изложения, доступность языка, демонстрация педагогической эрудиции (ссылки на научные исследования современных ученых и инновационный опыт).

Все семь критериев оценивались конкурсной комиссией по 3-х балльной шкале:

- 3 – без замечаний – максимальный балл;
- 2 – есть замечания – средний балл;
- 1 – требования по критерию не выполнены – минимальный балл.

Участники, набравшие менее 10 баллов, к дальнейшим испытаниям не допускались.

### II тур

**а) тестирование конкурсантов** на знание психолого-педагогических основ учебно-воспитательного процесса, нормативно-правовой базы образования – 30 мин.

**б) самопрезентация конкурсантов** – 10 мин.

Презентация проводилась в свободной форме (о себе; новые идеи, концепции; хобби и т.д.).

Критерии оценки:

1. Умение выделить и сформулировать ведущую идею опыта;
2. Своеобразие и новизна концепции;
3. Раскрытие путей реализации авторской концепции;
4. Аргументированность преобразований в сфере организации учебно-воспитательного процесса, в выборе педагогического инструментария;
5. Обоснование использования предлагаемых технологий, показатели результативности в сравнении с традиционными методиками обучения;
6. Мастерство публичного выступления;
7. Оригинальность выполнения презентации, соблюдение регламента.

Оценка деятельности участников на этапе презентации педагогического опыта осуществляется по 3-х балльной системе:

- 3 – максимальный балл;
- 2 – средний балл;
- 1 – минимальный балл.

### **III тур – проведение открытого занятия с представлением учебно-методического комплекса - 25 мин.**

Критерии оценки открытого мероприятия:

1. Организационный момент учебного занятия (подготовка студентов и преподавателя к началу занятий, включение в деловой ритм учебного занятия).
2. Целеполагание.
3. Целесообразность выбора типа и методов обучения.
4. Организация учебной деятельности обучающихся (рациональность применяемых форм обучения).
5. Психолого-педагогический аспект занятия, стиль общения.
6. Использование различных методик, технологий обучения.
7. Отбор и реализация содержания занятия.

Оценка деятельности участников второго тура проведение открытого занятия осуществлялась по 3-х балльной системе:

- 3 – максимальный балл;
- 2 – средний балл;
- 1 – минимальный балл.

### **Подведение итогов конкурса**

По сумме набранных баллов были определены победители и лауреаты конкурса:

**Гран-при** – преподаватель кафедры математики и методики преподавания математики ЖГУ им. И. Жансугурова – *Окпебаева Гульнур Шерниязқызы*.

**Заняли 1 место и были награждены дипломом I степени** – *Казкенова Аимгуль Каирбековна*, кандидат филологических наук, доцент кафедры русского языка и литературы КазНПУ им.Абая.

*Дауренбеков Куаныш Койшыгулович*, зав. кафедрой вычислительной техники и информационных систем Кызылординского государственного университета им. Қорқыт ата.

*Кызырова Макпал Абаевна*, старший преподаватель кафедра иностранных языков Евразийского гуманитарного института.

### **Заняли 2 место и были награждены дипломом II степени –**

*Калымбек Бакытжан*, кандидат юридических наук, доцент кафедры таможенного, финансового и экологического права КазНУ им. аль-Фараби.

*Шевцов Александр Николаевич*, магистр математики, кандидат технических наук, и.о. доцента кафедры «Прикладная математика» Таразского государственного университета им. Х.Дулати.

*Дуйсекенова Айнагуль Байганиновна*, старший преподаватель кафедры сельскохозяйственных специальностей Атырауского государственного университета им. Х.Досмухамедова.

*Сейдина Мольдир Зикировна*, магистр педагогики, преподаватель кафедры педагогики и психологии, Аркалыкского государственного педагогического института им.И.Алтынсарина.

### **Заняли 3 место и были награждены дипломом III степени –**

*Тенеряднова Светлана Павловна*, старший преподаватель кафедры социальной педаго-

гики и самопознания Актюбинского государственного педагогического института.

*Кадирбаева Алмагуль Аккопейовна*, кандидат технических наук, доцент кафедры хими-

ческой технологии неорганических веществ Южно-Казахстанского государственного университета им. М. Ауэзова.



**Победители в номинациях:**

- Педагог-исследователь –  
*Джанкулдукова Асель Жамбыловна*
- Приз зрительских симпатий –  
*Данилова Виктория Валерьевна*
- За вклад в развитие образования –  
*Кенжегараев Ноябрь Жанатович*
- Компетентный педагог –  
*Нысанбекова Ляззат Бегимжановна*
- За педагогические достижения –  
*Шевченко Светлана Анатольевна*
- Креативный педагог –  
*Джураева Гульшат Амангельдиновна*
- Методическое мастерство –  
*Рысқұлбекова Асима Дәулетбековна*
- Культура педагогического общения –  
*Рахымбердиева Айнур Валерьевна*
- Педагогическое мастерство –  
*Нурманова Сымбат Тиянакбаевна*

Иновация – *Тукенова Ляйля Муратбековна*

Лучший проект –  
*Бейсенбаева Маржан Сабыржановна*

Победители и лауреаты конкурса были награждены дипломами, ценными подарками и призами, премиями.

Решением конкурсной комиссии рекомендовано результаты участия в конкурсе учитывать при аттестации педагогов в вузе.

*Еркинбаева Л.К. – первый проректор по учебно-методической работе, ЖГУ им. И. Жансугурова, доктор юридических наук*

*Мухитова Р.Б. – к.п.н., ученый секретарь Совета ректоров вузов Алматинского региона*

*Кайдарова А.Д. – член жюри, д.п.н., профессор, зам.гл. редактора журнала «Педагогика и психология»*

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!**

«Педагогика және психология» журналы үстіміздегі жылдың қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізіміне енгізілгенін назарларыңызға саламыз.

*Редакциялық кеңес*

**УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!**

Доводим до Вашего сведения, что наш журнал «Педагогика и психология» включен с января сего года в Перечень научных изданий, рекомендуемых Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК для публикации основных результатов научной деятельности.

*Редакционный совет*

**DEAR READERS!**

The editorial board of our University journal «Pedagogy and Psychology», would like to inform you that the journal is included in the list of scientific publications, recommended by the Committee for Control of Education and Science of the Ministry of of your scientific research results. Education and Science of RK, since January 2013, for the publication.

*Editorial advice*

**КӨПЖАСАР НӘРІБАЙҰЛЫ НӘРІБАЕВ**



**ҒАЛЫМ, ҚАЙРАТКЕР, АЗАМАТ**

Бүгін есімі елімізге кеңінен танымал көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, жоғары мектептің білікті ұйымдастырушысы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаев 75 жасқа толып отыр.

«Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба, құмарланып шаттанба, ойнап – босқа күлуге» деп ұлы Абай айтқандай, ақын өсиетін жастайынан көкейіне түйіп, оқу-білім, ғылымға ұмтылған Көпжасар Нәрібайұлы есейе келе өмірден өз орнын тауып, бүкіл саналы ғұмырын білім-ғылым саласына, Жоғары мектеп пен мемлекет ісіне арнаған, сөйтіп көрнекті қайраткерлік дәрежеге көтерілген бірегей тұлға. Оның өмірі мен атқарған ісі жас буынға да, тіпті өзімен қатарласа қызмет етіп жүрген біздерге де үлкен өнеге. Мен ол кісінің ғалым, қайраткер, азамат ретіндегі қырларына аз-кем тоқталуды орынды санаймын.

Көпжасар Нәрібайұлы 1938 жылы 3 маусымда Жамбыл облысының Жамбыл ауданындағы Бектөбе ауылында дүниеге келген. Ауылда жетіжылдықты, одан Жамбыл қаласында орта мектеп бітіріп, 1955 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне түскен ол 1960 жылы аталған оқу орнын экономист мамандығы бойынша бітіреді. Одан соң Мәскеу Қаржы институтының аспирантурасында оқиды. Бұдан кейін су жаңа ғылым кандидатының қызу еңбек жолы басталады. Бұл – 1964 жыл еді. Алматы халық шаруашылығы институтында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болып, өмір жолының жаңа парақтарын бастаған Көбекең өзінің барлық саналы ғұмырында жоғары білім беру жүйесін жетілдіру ісімен айналысып, министрдің орынбасары, Министр деңгейіне дейін көтерілді. Оған қоса шет елдердің озық тәжірибесін терең

зерттеп, біздің өмірімізге енгізді. Сондықтан да ғалымның еліміздегі білім беру ісінің болашақ даму бағыттары мен олардың ғылыми негіздерін қалыптастыруға байланысты айтары аз емес деп ойлаймыз. «Білімді болудың мақсаты мансап емес, қоғам мен халқыңа қызмет ету» – дейді ол. Рас сөз. Көпжасар Нәрібайұлы өзінің барлық ақыл-ойын, күш-қайратын, іс-тәжірибесін, бүкіл ғұмырын осы ұстанымға бағындырған жан.

Институтта қызмет істеген кездерінде Көпжасар Нәрібаев оқу жүйесі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұтымды ұйымдастырушы, жоғары дәрежелі ұстаз-тәрбиеші ретінде таныта білді. Өндірістегі тәжірибе мен теорияны тиімді ұштастырып, ол өзінің ғылыми дәрежесі мен ұстаздық шеберлігін үнемі дамытып отырды. Жоғары деңгейде сапалы сабақ өткізетін ғалымның дәрістері мен семинарлық сабақтары студенттерді тек қызықтырып қана қоймай, олардың оқу-білімге, ғылымға деген ынта-ықыласын анағұрлым арттыра түсті.

Ол басқарудың автоматтандырылған жүйелері, бухгалтерлік есеп және есепті механикаландыру курстары бойынша оқулық пен әдістемелік оқу құралдарын жазды. Өндірістегі есептеу мен қадағалауға, басқару мәселелеріне байланысты терең танымды зерттеулер жүргізіп, көптеген ғылыми еңбектер жарыққа шығарды.

Алғаш бухгалтерлік есеп және басқару ісі бойынша ана тілімізде ғылыми еңбектер жазған ғалымдардың бірі де осы Көбекең болды. Оның еңбектерінде есептеу теориясы, есептеу мен басқаруды механикаландыру және автоматтандырудың ұстанымдары, бақылау мен тексерудің негіздері және басқа да көптеген экономикалық мәселелерді ұйымдастыру жағдайы тұңғыш рет қазақ тілінде сөйледі. Ол ана тілімізде 8 кітап, 3 кітапша және 70-тен аса мақалалар жариялады.

Сонымен бірге Көпжасар Нәрібайұлы қоғамдық-саяси өмірге де белсене араласты. Мұнда 1975 жылы Алматы қаласының Калинин аудандық «Білім» қоғамының төрағасы, аудандық кеңестің депутаты болып сайланды.

1973-1974 жылдары Америка Құрама Штаттарында ғылыми тағылымдамадан өтіп,

мол тәжірибе жинақтады. Ондағы белгілі ғылыми орталықтар мен Принстон, Флорида, Нью-Йорк университеттерінде болып, бухгалтерлік есептеу мен басқару қызметтерін автоматтандыру мен ұйымдастыруды жетілдіру саласында американдықтардың тәжірибесімен терең танысты. Сонымен қатар осы ғылыми іссапары кезінде бұл кісі көптеген америкалық университеттерде Қазақстанның экономикасы, білімі мен ғылымы жөнінде дәрістер оқып, елімізді шетелдіктерге кеңінен таныстырды. АҚШ-тың біраз ғылыми басымдарында еліміздегі білім беру мен кадрлар дайындау мәселелері туралы ағылшын тілінде мақалалар жариялады.

Елге оралысымен Көбекең есептеу мен басқару жүйесіндегі және мамандар дайындау, білім беру салаларындағы шет елдердің озық тәжірибесін тереңірек талдап, кеңінен насихаттауға баса назар аударды.

Осы жетістіктері мен ғалым-ұстаздың басқа да қабілет-қасиеттерін ескере отырып, басшылық 1976 жылы К. Нәрібаевты Қазақ КСР-ның Жоғары және арнаулы орта білім министрінің орынбасары қызметіне шақырды. Бұл жауапты қызметте тың серпін, үлкен қажыр-қайрат, күшті ерік-жігер қажет екені белгілі еді. Осы ретте ағамыз өзін байсалды басшы, талантты ұйымдастырушы ретінде көрсете білді.

Білім жүйесімен жақсы таныс болғандықтан, Көпжасар Нәрібайұлы жаңа қызметті тез игеріп алып кетті. Ол қарамағындағы жоғары және арнаулы орта білім орындарымен жете танысып, олардың хал-жағдайын қатаң бақылап отырды. Әсіресе, министрдің жаңа орынбасары ретінде өз құзырындағы ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау ісіне өте үлкен жауапкершілікпен қарады. Өйткені, ол тұста жаңадан ашылып жатқан институттарда ғылым докторлары мен кандидаттары тапшы болатын. Осы кемістіктерді жоюға жаңа басшы белсене кірісті.

Ең алдымен, Одақтық министрлікке дәлелдей отырып, Қазақстан Үкіметінің шешімін шығарып, аспирантура мен докторантураға талапкерлер қабылдау жоспарын едәуір ұлғайтуға қол жеткізілді. Сонымен қатар,



Мәскеу, Ленинград, Киев, Новосібір, Томск қалаларының атақты университеттеріне аспиранттар мен докторанттар көптеп жіберіле бастады.

Қазақстан Жоғары мектебі мен шет елдердің әйгілі университеттерінің арақатынасын, ынтымақтастық байланысын дамытты. Бұл ретте республикамызда шет елдерге мамандар жіберетін арнайы комиссия құрылып, оның төрағасы болып өзі бекітілді. Аталған комиссия Қазақстан және бүкіл Орталық Азия елдерінің жоғары оқу орындарының мамандарын шет елдерге ғылыми іссапарға, тағылымдамаларға, тағы басқа біліктілікті көтеру бағытындағы шараларға жіберумен белсенді түрде айналысты.

Министрлікте өз қызметінде қандай мәселемен айналысса да ол оны тыңғылықты түрде аяғына жеткізуге тырысты.

Бұл жылдар республика жоғары және арнаулы орта оқу орындарын материалдық-техникалық тұрғыда жаңаша жабдықтау, білім беру сапасы мен мазмұнын жақсарту, жоғары және арнаулы білім саласындағы мамандар даярлау мен бұл жұмыстарды түбегейлі түрде жаңа сатыға, жаңа белеске көтеру ісінің кең қанат жайған тұсы болатын. Сол жылдардағы қалыптасқан жоғары оқу орындарының материалдық базаларын нығайту мен өркендетудің, ғылыми ізденістерді жетілдірудің басты бағыттарының бірі – тұтынушылармен, яғни ірі өндірістік аймақтармен, іргелі өнеркәсіп салаларымен, үлкен өндіріс орындарымен тығыз іскерлік қарым-қатынас орнату еді. Көпжасар Нәрібайұлының басшы ретіндегі білгірлігі мен көрегендігі, міне, осы бағыттағы үздіксіз ізденістері мен іскерлік қасиеттерінен байқалды. Бұл жұмыстағы жасалып жатқан игілікті істерді үнемі қадағалап, басқару тетігін қолдан шығармай, осы мәселеге қатысты жайттарға жоғары оқу орындары басшыларының күнделікті мұқият көңіл бөліп отыруын басшы ағамыз маңызды міндет етіп қоя білді.

Тынымсыз еңбек, үлкен ақыл-ой, биік парасаттылық, өмірлік бай тәжірибе-тәлім, адамдармен іскерлік қарым-қатынас, өзінің атқарар міндетіне деген адалдықтың арқа-

сында Көбекең республикадағы абыройлы, беделді басшылардың бірі болғанын бәріміз білеміз. Айталық, ЮНЕСКО-ның 1985 жылы өткізілген халықаралық симпозиумында сөйлеу үшін Мәскеуде барлық одақтас республикалар ішінен таңдау Көпжасар Нәрібайұлына түскені әлі жадымызда.

1986 жылы қаңтар айында Мәскеуде, Кремльде жоғары білім жүйесін жетілдіру жөнінде СОКП Орталық Комитеті Саяси бюросы мүшелерінің қатысуымен өткен жиында да бүкіл республикалар атынан сөз сөйлеу мәртебесі біздің министр К.Нәрібаевқа бұйырды. Көбекең сондағы өзінің өрелі ой-пікірлерімен, тың ұсыныстарымен тыңдаушыларды да, Одақтық басшыларды да дән риза етті. Министріміздің Одақтағы биік абыройы елімізге көп пайдасын тигізді. Нәтижеде біраз өзекті мәселелердің орынды және өз уақытында шешілуіне мүмкіндік туды. Айталық, республикаға ауадай қажет болған зәру мамандықтар мен жаңа оқу орындарын ашуға Көбекеңнің өзі тікелей жетекшілік жасап, Алматы мемлекеттік театр және көркемөнер институты, Рудный индустриалды институты, Қостанай ауылшаруашылығы институты, Семей ет және сүт өнімдері технологиялық институты секілді ондаған жоғары және арнаулы орта оқу орындары, техникумдар мен училищелер жаңадан ашылған еді.

Ғалым-ұстаз республика жоғары оқу орындарының басшысы, ұйымдастырушысы ғана емес, Қазақстан жоғары білімі жүйесінің теориялық және әдіснамалық мәселелерінің зерделі зерттеушісі де. Бұл салада оның 150 баспа табақтан асатын 60-тан аса ғылыми жұмыстары жарық көрген. Ғалымның докторлық диссертациясының бірсыпыра бөлігі елімізде экономика мамандарын дайындауды жақсарту, олардың оқу жоспарларын жетілдіру мәселелеріне арналған. Осы аталған жайттар бойынша ғалымның барлық негізгі ұсыныстары КСРО Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінен қолдау тауып, кезінде барлық экономикалық жоғары орындарына пайдалануға ұсынылды.

Көбекең жайлы әңгіме қозғағанда, 1986 жылғы әйгілі «Желтоқсан оқиғасын» айтпай

кетуге болмайды. Ол оқиға халқымыздың басына түскен ауыртпалық, үлкен нәубет болғанын бүкіл әлем біледі. К.Н.Нәрібаев «ұлтшыл» деп айыпталып, министр қызметінен босатылды. Негізгі тағылған айып – министр қызметін асыра пайдаланып, жоғары оқу орындарында қазақ жастарын шектен тыс көбірек оқытып, басқа ұлттардың өкілдеріне, әсіресе, орыс халқының мүддесіне орасан зор зиян келтірді дегенге сайды.

Ал шын мәнінде Қазақстан жоғары мектебінде ешқандай ұлтшылдықтың иісі де, ұшығы да жоқ болатын. Оны министр К.Н.Нәрібаев дәлелдеп те берді. Жалпы, студенттер арасында қазақ жастарының үлесін халықтың барлық санымен емес, оқу жасындағы жастар санымен салыстыру қажет. Бұл статистика ғылымының ашық та айқын заңдылығы екенін К.Н. Нәрібаев нақтылап орнына қойып берді.

Осылайша жоғарыдағылар министр ағамызға «өз еркімен кетуге» өтініш жазғызды. Біз сонда:

*Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,  
Бас ұрып қара жерге сұлағанын, –*

деп ұлы Абай айтқандай, атпал азаматын қадірлемеген өзіміздің арамыздағы жандайшаптарды көріп, куәсі болдық.

Алайда, уақыт деген Ұлы Таразы бүгінгі күнде бар нәрсені өз орнына қойды. Осы жерде мен ағамыздың тұла бойынан кешегі ұлтын сүйгендігі үшін «ұлтшыл» деген жаламен бастарын бәйгеге тіккен алып тұлғалар Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытовтардың өршіл де сыршыл, тұңғыық та терең тылсым жан дүниесін көргендей боламын. «Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін» деп Ахаң айтқандай, кешегі «шаш ал десе, бас алатын» – басшысымақтар өткен күнге қызмет етсе, ал ағамыз болашақ үшін – бүгінгі егемен еліміздің келешегі үшін өлшеусіз қызмет еткенін, біртуар үлкен тұлға екенін Уақыт дәлелдеді. Сондықтан да ел басына сын сағаты туған сәтте ұлт басына түскен нәубетке қаймықпай қарсы тұра білген азаматқа болашақ ұрпақтың айтар алғысы

шексіз деп ойлаймын. Бұндай азаматқа артық мақтаудан гөрі бас ию, іштей тағзым ету лайық секілді...

Министрлік қызметінен босағаннан кейін К.Н. Нәрібаев 1987-1990 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Экономика институтында алғаш жетекші ғылыми қызметкер, кейінірек Халық шаруашылығын басқару мәселелері бөлімінің меңгерушісі болып еңбек етті. Ал 1990 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Экономикалық реформа жөніндегі мемлекеттік комиссия төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында ҚазМУ-ге лайықты басшы таңдау міндеті тұрды. Ректорлық қызметке тәжірибелі ұстаз, ұйымдастырушылық қабілеті мол, жоғары білімнің жағдайын жетік білетін, ғылым әлемінде өз биігі мен беделі бар, үлкен парасаттың, жоғары мәдениеттің адамы қажет болды. Бұл талапқа қай қырынан алғанда да сай келетін Көпжасар Нәрібайұлына университетті басқарудың үлкен жауапкершілігі жүктелді. Арада өткен он жыл жемісті болды. Университет ішінде басқару мен ұйымдастырудың айрықша әдістерін, тосын шешімдерді талап ететін мәселелерді ерекше назарға алған Көбекең ректор ретінде өз қызметінің түбегейлі мұратын, ағымдағы мақсаттары мен әдіс-тәсілдерін жаңа арналарға бағыттап дұрыс жолға қойды. Соның нәтижесінде басты мақсат ойдағыдай орындалды: барды ұқсатып, бұрыннан жалғасып келе жатқан озық дәстүрлер мен ірі табыстарды байытып қана қоймай, студенттер мен қызметкерлердің, оқытушылардың мазмұнды да мағыналы шығармашылық еңбегін жандандыратын, басқару және ұйымдастыру тетіктерін жаңартуға жол ашатын баянды да салықалы өмір салты орнықты.

Ректор Нәрібаев білім жүйесі қоғам деңгейінің айнадағыдай көрінісі екенін, әлеуметтік өзгерістер кезінде университеттік білім жүйесін түбірінен қайта құру қажет екенін жете түсінді. Реформа жасау қажеттігін басшы қазақ қоғамындағы өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдай мен талаптарға білім беру ісін сәйкестендіруді ойлас-

тырды. Сөйтіп, университетте білім реформасын қарқынды, жүйелі, сатылы түрде жүргізу міндеті қойылды.

Университеттік білім реформасының түбірлі кезеңдерін ректор ұштаған түрінде белгіледі: тыныстау-өзгерту-өркендету идеялары білім жүйесіндегі қуатты қозғаушы күшке айналатынын ол кезде ешкім де болжай алмаған еді. Бірақ, Көпжасар Нәрібайұлы ректор ретінде де, білім саласындағы ірі маман ретінде де Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы өзгерістер білім беру жүйесіне қойылатын талаптардың да түбегейлі жаңаруына алып келетініне, ал оны бәрібір қабылдауға тура келетінімізге университет ұжымын иландыра білді.

1993 жылы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қаулысымен әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне автономиялық мәртебе берілуі университеттік білімді реформалауға қуатты серпін берді.

Өз алдына дербес оқу орны болу құқығы мен мәртебесін университет басшылығы нарықтық экономика мен халықаралық интеграция жағдайындағы нақты мүмкіндіктер мен қажеттіліктерді ескере отырып, оны университеттік білімнің ең тиімді үлгі-модельін қалыптастыру мақсатына дұрыс жұмсай білді және бұл қадам соңынан өзін-өзі ақтап шықты.

ҚазМУ-дың тек өзіне ғана тән арнайы мүддесі, өз парызы, өзінің ерекше міндеті мен қызметі бар екенін есепке ала отырып, университеттің ғылыми кеңесі «Университеттік білімді дамыту тұжырымдамасын» бекітті. Онда өзара ішкі тығыз байланыстағы тұғырлы міндеттер белгіленді.

Сол тұстағы еш талас тудырмайтын жетістіктің бірі – университеттік білімі бар маман даярлаудағы басымдықтардың елеулі өзгеріске ұшырауы еді. Дәлірек айтқанда, мұнда университеттің интеллектуалдық қызметі мүлде жаңа белеске көтерілді. Жаңашыл ректор оқу ісінің мазмұны мен маңыздылығына, қазіргі технология мен басқарудың автоматтандырылған жүйесі саласындағы

жаңалықтарды өз іс-тәжірибесінде кеңінен қолданып, өндіріске енгізуге үлкен мән берді. Жоғары білім берудің сыннан өткен әлемдік стандарттары бұл ретте басты бағдарға айналды. Ректор мен бүкіл ұжымның реформаторлық іс-қимылы нәтижесінде университеттің оқу және ғылыми-зерттеу құрылымдары өзара тығыз байланыстағы, табиғи біртұтас бірлікте қызмет атқаратын тұтас кешенге айналды. Бұрын бас-басына жеке отау тігіп, бір-бірінен алшақ жеке-дара қызмет атқарып келген зертханалар 8 ғылыми-зерттеу институтына және 9 ғылыми орталықтар құрамына шоғырланды. Ғылым мен білімнің тоғысуы осылайша, К. Нәрібайұлының ректорлық қызметіндегі басымдықтардың біріне айналды.

Уақыт талабына сәйкес жаңа мамандықтар ашылды, мұның өзі университетте бұрыннан келе жатқан кейбір кафедраларды қайта құруға, жаңа кафедралардың ашылуына алып келді. Университет мемлекет қажеттілігі мен сұранысына тікелей бет бұрды. Сөйтіп, халықаралық қатынас, менеджмент, маркетинг, мемлекеттік реттеу және экономикалық басқару, іскерліктегі ақпараттық жүйе, экология, туризм, медициналық биология және басқа жаңа салаларда білікті мамандар даярлау ісі екі сатылы жүйе – бакалавриат пен магистратура бойынша жүргізілетін болды.

Университет ректорының бастамасымен және қолдауымен ҚазМУ әлемнің көптеген елдерінің оқу орындарымен ғылыми және іскерлік қарым-қатынастарын кеңейтіп, нығайтуға қол жеткізді. Қазақ ұлттық университеті – Халықаралық университеттер ассоциациясы (МАУ) мен Еуразия университеттері ассоциациясының (ЕАУ) мүшелігіне қабылданған Қазақстандағы тұңғыш және бірден-бір жоғары оқу орны болды. 1995 жылдың маусым айында ҚазМУ Орталық Азия және Еуропа университеттерінің халықаралық байланыс жүйесін жасаудың бастамашысы және құрылтайшысы болып бастама көтеріп, оны Рим қаласында өткен конференцияда іске асырды.

Көпжасар Нәрібайұлының кезінде университеттің халықаралық қатынастар қыз-

меті де жан-жақты дами бастады. Көптеген халықаралық білім және ғылыми орталықтармен біріккен жұмыс басталды, шетелдерде кадр даярлау мәселелерінің өрісі кеңейді. Әлемнің әйгілі университеттеріне студенттер мен мұғалімдер көптеп жіберіле бастады және олармен бірігіп маңызды тақырыптарда ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді, ғылыми конференциялар, семинарлар мен симпозиумдар өткізілді. Мұнда 30 университетпен келісім-шарт жасалып, тұрақты байланыстар орнады. Түркияның Анкара университеті, Иранның Тегеран, Қытайдың Ланьчжоу және Жень-минь университеттері, Египеттің аль-Миния университеті, Кореяның Кенгги және Чоннам университеттері біздің студенттерді бір жылға тегін қабылдап оқытып берді.

ҚазМУ-дың факультеттері мен кафедралары шетелдердің 45 елшілігімен, ғылыми және мәдени орталықтарымен тұрақты байланыс орнатып, олармен бірге көптеген іс-шаралар атқарды. Елшілер мен елшіліктердің қызметкерлері университет студенттерімен және мұғалімдермен кездесуді жақсы дәстүрге айналдырды. Айталық, халықаралық қатынастар факультетінде «Елшілер сағаты» деген дәстүр қалыптасып, көптеген елдердің өкілетті елшілері дәрістер өткізіп, баяндамалар жасап тұрды. Бұдан да басқа көптеген шаралар халықаралық деңгейде өткізіліп, университеттің де және оның басшысының да абырой-атағы әлемдік деңгейде көріне бастады. Солайша, ҚазМУ халықаралық білім кеңістігіндегі беделді білім ордасына айналды, ал оның ректоры «Халықаралық жыл адамы» атанды.

Республика экономикасында қайта құрудың дүбірлі кезеңі қызу жүріп, еліміз нарық жолында қаз басып, қадам жасай бастады. Соған сай уақыт та жаңадан тың өзгерістерді, соны серпіндерді талап етті. Халық шаруашылығы мен ел экономикасына үлкен серпіліс, ізгі істер қажет болды. Міне, осы тұста профессор К.Н.Нәрібаев экономиканы басқаруды түбірлі өзгертіп, қайта құрудың өзекті мәселелерін, жаңа нарық қатынасына көшудің жөн-жосық, жоба-жолдарын анықтады. Оның ұсынған ой-пікірлері мен

тұжырым-тәжірибелері нарыққа көшу жөніндегі республикалық бағдарламаның негізіне айналды. Нақтырақ айтқанда, республикадағы түбірлі экономикалық өзгерістердің негізгі шарттарын іске асыру, экономикалық кадрлардың, шаруашылық басшылары мен мамандардың кәсіптік деңгейін арттыру, оларды қайта даярлау мәселелеріне баса назар аударды.

ҚазМУ-де ректорлық қызмет еткен кезеңдері Көпжасар Нәрібайұлының өмір жолындағы ең бір жемісті жылдары, айрықша аталатын кезеңдер еді. Ол жөнінде әл-Фараби университетінде өткен жиында баяндама жасаған университет ректоры, академик Ғ.Мұтанов мырза өте мазмұнды баяндап, ол жылдарды қыруар жаңалықтардың, соны серпілістердің «алтын кезеңі» деп жоғары бағалады. Мұны жиынға жиналған жұрт, сөйлеушілер шынайы ризашылықпен, үлкен алғыспен атап өтті.

Ол жылдардағы Көбекеңнің еселі еңбегі жайлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жасалған баяндама мен жарыссөздерде, мерзімді баспасөз беттеріндегі сан түрлі мерейтойлық мақалаларда молынан, жан-жақты айтылып келеді. Сондықтан, бұған ел қанық әрі қайталау болмасы үшін мен назарларыңызды басқа жайттарға аударсам. Ол қандай мәселе еді?

Қазақта «жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» деген ұлағатты сөздің барлығы мәлім. Сол себептен ағамыздың күнде айтыла бермейтін қандай қырына тоқталсақ та, артықтық етпес. Құрметті ғалым-ұстаздың оқу-білім мен ғылымдағы, педагогикалық-ұйымдастырушылық қызметтегі ерен еңбектерін, оның жақсы нәтижелерін таңды таңға асырып баяндауға болатындай. Ол жалпы жұртқа жақсы таныс. Бізде «Қамшының сабындай қысқа ғұмырда» адами игі қасиеттер – адалдық, адамгершілік, кісілік, кішілік, қарапайымдылық пен қайырымдылық сынды сапалық белгілердің орны ерекше екені белгілі. Сондықтан, жақсы қызмет, жоғары амал, үлкен жұмыс, биік мәнсап – бәрі өткінші; бүгін – бар, ертең – жоқ дүниелер. Ал бізге керегі, кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық – адамгершілік, адами қасиет, кісілік келбет,

бітім-болмыс. Ол адамның өзімен бірге мәңгі жүретін асыл белгілер. Осыны ойлай отырып, аталған асыл қасиеттер мен одан ғалым ағамыздың алатын орны жайына тоқталсақ. Өйткені, бұл – қызмет бабындағы атқарылған шаруалардың баршасы – Көбекеңнің көпшілік байқап, көріп, куәсі болып жүрген қырлары. Ал біздің айтайын дегеніміз – адами келбеті. Сондықтан енді қалың жұрт біле бермейтін, осы күнге дейін өте құпия болып келген қыры, елден жасырып жүрген сыры жөніне ауысалық. Мұны мен өз басым да жақында байқадым. Көпшілігіміз сондай халде болдық деп ойлаймын.

Ол не құпия сыр еді? Бұл қандай жасырын жайт болатын? Жалпы, ғалым-ағамыздың екінші әлемі – рухани дүниесі бай екені сырттай сезілетін. Алайда, Көбекеңнің жарты ғасырдан астам (60 жылға тарта) уақыттағы оңашадағы сырлары – ол қағазға түскен жырлары екенін, басқаны қайдам, бірге қызметте жүрген біздің өзіміздің білгенімізге де көп уақыт бола қойған жоқ.

Сөйтсек, К.Нәрібайұлының ақындық өнермен де байланысы бар екен. Мұны да күні кеше Көбей Нарбайұлы деген атпен, «Жасырын жатқан жырларым» дейтін өлеңдер жинағын мамыр айының соңына таман баспаға ұсынған кезде ғана аңғардық.

Тарихы сонау 1956 жылдан – автордың жастық шағынан бастау алатын қолжазбаны оқи отырып, өзіміздің де жастық шағымыз, бала күндеріміз еске түскендей болды.

*Оқырманға арнауында:*

*Әрине, маржан емес мұның бәрі,*

*Болса да жүрегіме менің дәрі.*

*Керегін, оқырманым, өзің таңда,*

*Болса егер сөздің мәні, ойдың нәрі, –*

дейді автор. Өте орынды орам, парасатты пайым, байыпты байлам.

Әрине, бәріміз де жас болдық, сол жастық шақтың қызығына мас болдық. Бүгінде ол заман, өткен дәурен туралы айтылар ой, ақтарар сыр әрқайсымызда жетерлік.

Жинақтағы жырлар оқырманына ой саларлық, қиялына қанат бітірерлік өршіл, өміршен

өлеңдер. Онда табиғат көріністері, көктем суреттері, адамның сыршыл сезімдері, ұнату, ғашықтық, махаббат, сүйіспеншілік, құрбы-құрдас, жора-жолдас, достық қарым-қатынас мәселесі, дағыстандық авар халқының көрнекті ақын қызы Фазу Әлиева өлеңдерінің аудармалары т.т. көрініс тапқан. Мәселен, «Күлімде көктем» атты өлең 1957 жылы наурызда жазылыпты. Ол кезде автор 19 жаста екен.

*Күлімде көктем, күлімде,  
Шаттық бар сенің үніңде.  
Аямай төк шуақты,  
Күлімдей түс бүгін де! –*

деп жазыпты Көбекең сол кезде.

Көріп отырсыздар, құрметті оқырман, төрт аяғын тең басқан өлең шумағы екенінде дау жоқ. Мұндай сәтті шумақтар, тәтті қиялдан туған шынайы жырлар көп-ақ. Желтоқсан оқиғасына, ел, жер, қиял мен үміт, ауыл жайына байланысты жазылған өлеңдер мән-мазмұны терең, әсерлі туындылар дейміз.

Қазіргі академик ағамыздың кей өлең жолдарына қарап отырып, езуімізге еріксіз күлкі, жүрегімізге жылу ұялайды. Жастықтың жалын тартып мінген қайран, махаббат, қызық мол жылдарға еріксіз елітесің. Әрі қарай, қадірлі оқырман, өздеріңіздің патша көңілдеріңіздің назарына ұсынып, жұмбақ жылдардағы жасырын жатқан жырларды, тылсым сырларды оқып шығуға кеңес береміз. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» демекші, ағамыздың ақжарма ақындық сырларына, өміршен жырларына қанығып, ол жырлардан өзін танимыз. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ол кісінің адами тұлғасын, бітім-болмысын байқаймыз. Сол арқылы жақсы әсер, лайықты ләззат аламыз.

Кейде тұстастары, замандастары ағамыздың жасына келгенде әлі жас, 60-тағыдай көрінетінін, осындай танымал тұлғамен қызметтес болғанын мақтаныш ететінін атап жатады. Басқасы басқа, «Сырлы аяқтың...» деген секілді ғалым ағамыздың сынының да, ойының да, бойының да, жүрісі мен тұрысының да қаз-қалпында көріну сырын мен енді білдім. Ол не сыр деп ойлауыңыз мүмкін?

...Ол – жүрек сыры, өмірге деген іңкәрлік, жақсылыққа деген ынтызарлық жыры.

Жалпы, Көбекеңнің сөз өнеріне, әдебиет пен мәдениетке жақындығын, ол қасиеттің тегін еместігін баяғыда ҚазГУ-ге ректорлыққа тағайындалғанда 1991 жылы 4 сәуірде байқағанбыз. Онда ағамыз жаңа тағайындалған ректор ретінде Білім министрлігінің алқа мәжілісінде сөз сөйледі. Сонда бұл кісіні алғаш көруім. Қазақ тілінде де, орысша да ағып тұрды. Нағыз тарпаң жорғаның өзі екен. Өте шешен сөйледі. Мәжілісте отырғандардың барлығының жанын жадыратып, көңілдерін қанаттандырды. Экономист емес, дәп бір тіл-әдебиет маманы секілді өз ана тілінде де, қайын жұртының тілінде де (орыс тілінде) өте әдемі сөйлеп шықты. Бұл да бізге үлгі алатын өнеге.

Кейіннен 1992 жылы Әзекең ағамыз (Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов) өзінің 70 жылдық мерейтойын ҚазМУ-де дүркіретіп атап өтіп, сол мәжілісте ректор К.Нәрібаев терең мазмұнды баяндама жасағанда айтқан: «Қазақтың үлкенді-кішілі зиялылары тегіс ана тілін, ана тілінің әдебиетін мамандығы экономист Көпжасар бауырымдай білсе, ұлтымыздың мұртын балта шаппас еді-ау!», – деп армандап таңқалғаны әлі есімізде.

Қазіргі таңда профессор К.Нәрібаев – экономиканы басқару мен экономикалық білім беру, жоғары білім жүйесін зерттеу салаларында республикадағы аса көрнекті ғалымдардың бірі. Жалпы көлемі 600 баcпа табақтан асатын 350-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. Оның 30-ы – монография, оқулық, оқу құралдары сияқты ірі де іргелі туындылар. 154-і шағын кітапшалар.

Көбекеңнің таяу және алыс шетелдерде 4 кітабы және 15 ғылыми мақалалары жарық көрді; екі еңбегі Америкада, біраз жұмыстары Германия, Франция және Ұлыбританияда шетел тілдерінде басылып шықты. Ғалымның жетекшілігімен экономика ғылымдарының жаңа салалары бойынша 5 докторлық және 15 кандидаттық диссертациялар жазылып, сәтті қорғалды.

Көпжасар ағамыз 2008 жылдан бері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық уни-

верситеті ректорының Кеңесшісі қызметін абыроймен атқаруда. Ол өзінің көп жылдар бойы жинаған бай тәжірибесін және бойындағы бар күш-қуатын жастарды тәрбиелеуге, оларға заман талабына сай білім-тәрбие беруге жұмсап келеді. Студенттер мен магистранттарға дәріс берумен қатар, жас мұғалімдерге, кафедра, факультет, университет жетекшілеріне ақыл-кеңес, ойын айтып, өз білгенін ортаға салып, өнеге танытуда.

Ғалымның ҚазҰПУ-дағы үлкен еңбегінің бірі – Ұлттық тәрбие туралы ректор С.Ж.Пірәлиевтің тың идеясын ойдағыдай іске асыруда басшымызға шын мәніндегі көмекші, жәрдемші, ақылшы бола білді. Соның нәтижесінде университетте «Ұлттық тәрбие» атты арнайы пән оқу жоспарына енгізіліп, барлық мамандықтарда оқытылып жатыр. Оқу орнында «Ұлттық тәрбие» кафедрасы ашылып, оған жетекші мамандар, білікті ғалымдар тартылды.

Студенттерге оқытылатын дәрістен басқа академик К.Нәрібаевтың ұсынысымен және тікелей ұйытқы болуымен көптеген іс-шаралар өткізілуде. Арнайы лекторий-дәрістер ұйымдастырылып, онда еліміздің көрнекті ғалымдары, ақын-жазушылары, қайраткерлері халқымыздың ұлттық құндылықтары туралы ой-пікірлерімен бөлісті. Дөңгелек үстел отырыстарында, дискуссиялық пікір алмасу клубы мәжілістерінде ұлттық тәрбиенің өзекті мәселелері ғылыми тұрғыдан талқыланды. «Ұлттық тәрбие» журналы шыға бастады. К.Нәрібайұлы осы журналды ұйымдастырушылардың бірі және редакция алқасының мүшесі, әрі ұлттық тәрбиені үйлестіру үшін құрылған Республикалық Кеңестің мүшесі.

Сонымен бірге академик К.Нәрібаевтың тікелей ұсынысымен 2010 жылы университетте «Тұлғатану» орталығы құрылды. Бұл орталық ұлттық тәрбиені іске асырудың ең тиімді түрі ретінде ойдағыдай қызмет атқарып келеді. Соның нәтижесінде студент-жастар халқымыздың көптеген ірі тұлғаларымен танысты. Мұнда шәкірттер қазақтың көрнекті ғалымдары, ақын-жазушылары, атақты билері мен батырлары, талантты өнер

қайраткерлері туралы дәрістер тыңдап, қызықты мәліметтермен қанықты. Сөйтіп, жастарымыз ұлтымыздың ірі тұлғаларға бай, тарихы терең, мәдениеті жоғары халық екенін танып, сол тұлғалардың өмірі, ұлтын сүюі, елі үшін жасаған ерліктері өздеріне үлгі болатынына көздерін жеткізді.

Сонымен қатар айтулы тарихи тұлғалар, көрнекті қайраткерлер, ғұлама ұстаздар туралы «Тұлғаларға тағзым» («Ұлағат» баспасы, 2012 жыл, 26,5 баспа табақ) атты іргелі еңбек жазып шығарды. Бұл кітап тұлғатану саласына академик К. Нәрібаевтың қосқан елеулі үлесі деп айтуға толық негіз бар.

Академик К. Нәрібаевтың соңғы жылдары атқарып жүрген қоғамдық істері де атап өтуге тұрарлық. Соның бірі – ҚР Ұлттық ғылым академиясының Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесі төрағасының орынбасары қызметінде ғалым-ұстаз академияның, оның аталған бөлімшесінің өркендеп дамуына, нығаюына барынша үлесін қосып жүр.

Қысқасы, қандай қызметте болсын К.Н. Нәрібаев білікті басшы, талантты жетекші, тәжірибелі ұстаз, дарынды ғалым, қарымды қайраткер, үлкен тұлға ретінде елге ежелден танылып келеді. Бұл кісі өзіне және айналасындағыларға қоятын талабы жоғары,

қарамағындағыларға жанашырлықпен, түсіністікпен қарайтын, ұйымдастырушылық қабілеті ерекше, қамқорлық, адалдық сияқты тамаша адамгершілік қасиеттерді бойына жинақтаған абзал азамат.

Көпжасар Нәрібайұлы «Парасат», «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Астана», «Еңбегі сіңген зиялы» медальдарымен (Моңғолия), Қазақстан ЛКЖО, бұрынғы КСРО Жоғары білім министрлігінің, КСРО Ғылыми мекемелер, жоғары мектеп және ағарту қызметкерлері кәсіподағының Орталық комитетінің, Бүкілодақтық «Білім» қоғамының, БЛКЖО (ВЛКСМ) ОК, Шетелдермен мәдени және достық байланыс қоғамы одағының Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері», Кембридж халықаралық орталығының «Халықаралық жыл адамы – 2000 ж.» (Ұлыбритания) құрметті атақтарын алған. Құдай бұйыртып, әлі алдағы уақытта да талай-талай абыройлы атақтарға ие болады деген үміттеміз.

Сөз соңында айтарымыз, қадірлі Көпжасар Нәрібайұлына 75 жылдық мерейтойы тағы да құтты болсын айтамыз. Үлкен ғалым, қайраткер ұстазға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық тілейміз.

*Бақтияр СМАНОВ,  
ҚР Ұлттық ғылым академиясының  
корреспондент-мүшесі, Халықаралық  
Ш.Айтматов академиясының академигі,  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

## БІЗДІҢ АВТОРЛАР – НАШИ АВТОРЫ

**Мовкебаева З.А.** – д.п.н., доцент кафедр психолого-педагогических специальностей Института магистратуры и докторантуры (PHD) Казахского национального педагогического университета им. Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Байтурсынова А.А.** – к.п.н., старший преподаватель кафедры специальной педагогики, Казахского национального педагогического университета им. Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Аугаева А.Н.** – к.п.н., доцент, заведующая кафедрой специальной педагогики Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Гарнийчук В.Н.** – младший научный сотрудник лаборатории морального и этического воспитания Института проблем воспитания Национальной академии педагогических наук Украины.

**Базыма Н.В.** – преподаватель, аспирант кафедры логопеди Института коррекционной педагогики и психологи Национального педагогического университета имени М.П.Драгоманова, г.Киев, Украина.

**Шолпанқұлова Г.К.** – п.ғ.к., профессор, ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Қабекенов Ғ.У.** – білім беру докторы, педагогика және психология кафедрасының доценті, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан.

**Асаналиев М.К.** – профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Жаменкеев Е.К.** – п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Жумагалиева Ж.Ж.** – т.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Абдукадыров А.А.** – д.п.н., проф., директор ДО при Фонде «Истеъдод» Президента Республики Узбекистан.

**Темина С.Ю.** – д.п.н., доцент, профессор кафедры педагогики, Московского психолого-социального университета, Москва, Россия.

**Портнова Т.А.** – бакалавр психологии, магистрант кафедры педагогики, Московского педагогического государственного университета, Москва, Россия.

**Намазбаева Ж.И.** – д.п.н., Почетный член НАН РК, директор НИИ Психологии Казахского национального педагогического университета им.Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Котелянец Ю.С.** – аспирантка, Национальный университет биоресурсов природопользования Украины, г. Киев.

**Асқарова М.А.** – п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы қ., Қазақстан.

**Қазез Е.** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты, Алматы қ., Қазақстан.

**Маймакова А.Д.** – к.ф.н., доцент, доцент кафедры практических языков, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Кадырова Г.Р.** – к.ф.н., доцент, доцент кафедры практических языков, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.



**Абсатова М.А.** – п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Еслакова А.И.** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Адасканова Ж.Қ.** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Фёдорова Е.В.** – преподаватель кафедры социальной работы и социальной педагогики Хмельницкого национального университета, г.Хмельницкий, Украина.

**Асылханова М.А.** – п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының профессоры, Алматы қ., Қазақстан.

**Сүлейменова Қ.Қ.** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Ожарова Г.М.** – І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, педагогика және психология кафедрасының магистранты, Талдықорған қ., Қазақстан.

**Алекешова Л.Б.** – к.п.н., доцент кафедры «Педагогики и педагогической психологии», Актюбинский государственный педагогический институт, г.Актобе, Казахстан.

**Туякова У.Ж.** – магистр педагогики и психологии, преподаватель кафедры «Педагогики и педагогической психологии», г.Алматы, Казахстан.

**Калимолдаева А.К.** – д.п.н., кафедра общей педагогики и психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Донцова О.** – аспирантка кафедры социальной работы и социальной педагогики Московского государственного областного университета, г.Балашиха, Московская обл., Россия.

**Котелянец Н.В.** – к.п.н., доцент кафедры методики дошкольного и начального обучения, Кировоградский государственный педагогический университет имени Владимира Винниченка, г. Кировоград, Украина.

**Жумабаева А. Е.** – д.п.н., профессор, зав. кафедрой теории и методики дошкольного и начального образования, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Оспанов Т.К.** – к.п.н., профессор кафедры теории и методики дошкольного и начального образования, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Кдырбаева А.А.** – к.ф.-м.н., профессор кафедры теории и методики дошкольного и начального образования, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Омарова Г.Ж.** – старший преподаватель кафедры теории и методики дошкольного и начального образования, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Сулейменова А.Х.** – старший преподаватель кафедры теории и методики дошкольного и начального образования, магистр образования по специальности «Дошкольное образование и воспитание», Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Айджанова Д.К.** – директор неправительственного фонда «Step by step», г.Алматы, Казахстан.

**Бекбаева З.Н.** – п.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Искакова М.** – к.п.н., Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Ашир А.** – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Бегалиева С.Б.** – д.п.н, профессор, зав.кафедрой русской филологии для иностранцев филологического факультета, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Урунбасарова Э.А.** – д.п.н., профессор кафедры психолого-педагогических специальностей Института магистратуры и докторантуры PhD Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Курбанова В.Р.** – магистрантка 2 курса, специальность ПМНО, Институт магистратуры и докторантуры PhD Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Балгазина Б.С.** – к.п.н., доцент, доцент кафедры русской филологии для иностранцев, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Тажимаева Р.Д.** – к.ф.н., доцент кафедры общего языкознания, Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, г.Алматы, Казахстан.

**Абаев В. Е.** – к.п.н., доцент, кафедры практических языков, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы.

**Бөрібекова Ф.Б.** – п.ғ.к., доцент, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., Қазақстан.

**Қожашева М.Қ.** – магистр, І.Жансүгіров атындағы. Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., Қазақстан.

**Байзакова Е.М.** – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Омиржанова Ж.М.** – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Керембекова М.Н.** – магистрант 1 курса, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

**Абжанова А.Х.** – доцент кафедры языков, Казахская академия транспорта и коммуникаций им. М. Тынышпаева, г.Алматы, Казахстан.

**Әбілдаұлы Ә.** – профессор, Іле Педагогика институты, Қытай халық республикасы.

**Қаңлыбаев Қ.И.** – п.ғ.к., математикалық талдау, алгебра, геометрия кафедрасының профессоры, физика-математика факультеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Қазез Е.** – Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің магистранты, Алматы қ., Қазақстан.

**Мулдабекова К.Т.** – PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**Сманов Б.Ө.** – ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

**Қайдарова А.Д.** – д.п.н., профессор, член-корреспондент МАНПО РФ, заместитель главного редактора журнала «Педагогика и психология», г.Алматы, Казахстан.

**Еркинбаева Л.К.** – д.ю.н., первый проректор по учебно-методической работе, Жетысуский государственный университет, г.Талдықорған, Казахстан.

## МАЗМУНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

### Білім берудің бүгінгі мәселелері Современные проблемы образования

<b>Мовкебаева З.А.</b> Вопросы подготовки педагогических кадров в Республике Казахстан к работе в условиях инклюзивного образования .....	6
<b>Байтурсынова А.А., Аутаева А.Н.</b> Состояние специального образования в Республике Казахстан: проблемы и тенденции.....	12
<b>Гарнийчук В.Н.</b> Взаимодействие учебного заведения и общественных организаций в воспитании патриотизма подростков .....	19
<b>Базыма Н.В.</b> Методика выявления особенностей коммуникативных проявлений у детей с аутистическими нарушениями .....	26
<b>Шолпанқұлова Г.К., Қабекенов Ғ.У.</b> Пәнаралық байланыстың ересектерге білім берудегі мәні	
<b>Асаналиев М.К., Жаменкеев Е.К., Жумағалиева Ж.Д.</b> Некоторые вопросы педагогической диагностики самостоятельной познавательной деятельности студентов .....	35

### Педагогиканың, психологияның және білім берудің әдіснамасы мен теориясы Методология и теория педагогики, психологии и образования

<b>Темина С.Ю., Портнова Т.А.</b> Общее и особенное в концепциях проблемного и проектного обучения.....	42
<b>Абдукадыров А.А.</b> Метод синектики – как интеллектуальный инструмент развития творческого воображения студентов.....	47

### Педагогикалық және психологиялық ғылым-қоғамға Педагогическая и психологическая наука-обществу

<b>Намазбаева Ж.И.</b> Проблемы и пути развития психологической службы в образовательных учреждениях Казахстана .....	54
<b>Котлянец Ю.С.</b> Сущность толерантности как профессионально значимого качества будущего учителя .....	60
<b>Асқарова М.А., Қазез Е.</b> Болашақ математика мұғалімінің құзіреттілігін қалыптастырудың кейбір мәселелері .....	66
<b>Маймакова А.Д., Кадырова Г.Р.</b> Русский язык в полиязычном и поликультурном образовательном пространстве высшей школы Казахстана .....	70
<b>Абсатова М.А., Еслакова А.И., Адасканова Ж.Қ.</b> Толеранттылық мәселесінің дамуына тарихи шолу .....	75

### Тәрбие мәселелері Вопросы воспитания

<b>Федорова Е.В.</b> Гуманизация отношений как приоритетное условие воспитания гражданственности студентов с особыми потребностями .....	80
<b>Асылханова М.А., Сүлейменова Қ.Қ.</b> Болашақта жастардың салт-дәстүрмен әдет-ғұрыптарымызды меңгеруінің маңыздылығы .....	86
<b>Ожарова Г.М.</b> Ауытқушылық мінез-құлық тән жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктері .....	90
<b>Алекешова Л.Б., Туякова У.Ж.</b> Самопознание: реализация и передовой опыт .....	95
<b>Калимолдаева А.К.</b> Формирование патриотического сознания современной молодежи .....	99
<b>Донцова О.</b> Связь истории семейного воспитания родителей и личностного благополучия их детей .....	103

## Қолданбалы психология және психотерапия Прикладная психология и психотерапия

<b>Котолянец Н.В.</b> Реализация идей развивающего обучения на уроках трудового обучения в начальных классах.....	108
<b>Жумабаева А.Е., Оспанов Т.К., Кдырбаева А.А., Омарова Г.Ж., Сулейменова А.Х., Айджанова Д.К.</b> Характеристика структурно-содержательных линий учебного пособия «Теоретические основы математических представлений детей дошкольного возраста».....	115
<b>Бекбаева З.Н.</b> Тұлғаның әлеуметтенуіне әлеуметтік психологиялық факторлардың әсері....	119

## Білім берудің қазіргі әдістемелері мен технологиялары Современные методики и технологии обучения

<b>Iskakova M. Ashir A.</b> iBook's Author or how to improve performance of students.....	125
<b>Бегалиева С.Б.</b> Влияние технологии целостного педагогического процесса на формирование творческой активности будущего учителя.....	129
<b>Урунбасарова Э.А., Курбанова В.Р.</b> К вопросу о требованиях к успешному использованию интерактивных технологий обучения в ВУЗе.....	134
<b>Балгазина Б.С.</b> К проблеме технологизации процесса обучения языку.....	137
<b>Тажибаева Р.Д., Абаев В.Е.</b> Программно-технологический комплекс PROFIT SOFT для создания электронных учебников.....	141
<b>Бөрібекова Ф.Б., Қожашева М.Қ.</b> Зиятында ауытқуы бар балалардың таным әрекеттерін дидактикалық ойындар арқылы дамыту.....	145
<b>Асаналиев М.К., Байзакова Е.М., Омиржанова Ж.М.</b> Особенности разработки тестовых заданий в условиях модульной технологии обучения.....	149
<b>Керембекова М.Н.</b> Роль игровых ситуаций на уроках взаимосвязанного обучения.....	155

## Информатика және білім беруді ақпараттандыру Информатика и информатизация образования

<b>Абжанова А.Х., Абаев В.Е.</b> Пути организации самостоятельной работы студентов с применением информационно-компьютерных технологий.....	161
<b>Әбділдаұлы Ә., Қаңлыбаев Қ.И., Қазез Е.</b> Математикалық есептер шешудегі ойдың жан-жақтылығы.....	164
<b>Мулдабекова К.Т.</b> Болашақ мамандардың құзіреттілігін ақпараттық технологиялар негізінде қалыптастыру.....	122

## Ақпарат Информация

<b>Еркинбаева Л.К., Мухитова Р.В., Кайдарова А.Д.</b> О Республиканском конкурсе молодых педагогов «Преподаватель XXI века», 4-5 апреля 2013 г. ....	177
<b>О включении</b> журнала «Педагогика и психология» в Перечень научных изданий, рекомендуемых Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК для публикации основных результатов научной деятельности.....	182

## Мерейтоймен құттықтаймыз – Поздравляем юбиляра

<b>Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаев</b> .....	183
---	-----

## CONTENT

### Modern problems of education

<b>Movkebaeva Z.A</b> Training teachers in the Republic of Kazakhstan to work under the conditions of inclusive education.....	6
<b>Baitursynova A.A., Autaieva A.N.</b> The status of special education in Kazakhstan: issues and trends.....	12
<b>Garniichuk N.</b> Cooperation of educational institutions and social organizations in giving patriotic education to teenagers.....	19
<b>Bazyma N.V.</b> Methods of identifying peculiarities of communicative display in children with autistic disorders.....	26
<b>Sholpanylova G.K., Kabekenov G.Y.</b> Interdisciplinary communication and its essence in teaching adults.....	30
<b>Asanaliev M.K., Zhamenkeev E.K., Zhumagalieva Zh.Zh.</b> Some problems of educational diagnostics of student's independent cognitive activity.....	35

### The methodology and theory of pedagogy, psychology and education

<b>Temina S.U., Portnova T.A.</b> The common and the special in the conception of problem based and project based learning.....	42
<b>Abdukadyrov A.A.</b> Method of synectics as an intellectual tool in developing students creative imagination.....	47

### Pedagogical and psychological science – for society

<b>Namazbaeva Zh.I.</b> Problems and ways of psychological service development in Kazakhstan educational institutions.....	54
<b>Kotoliynts U.S.</b> Essence of tolerance as a professionally significant quality of a future teacher.....	60
<b>Askarova M.A., Kazez E.</b> Formation competence of future teachers of mathematics and the development of creative abilities.....	66
<b>Maimakova A.D., Kadyrova G.R.</b> Russian language of multilingual and multicultural educational environment of higher education in Kazakhstan.....	70
<b>Absatova M.A., Eslakova A.I., Adaskanova Zh.K.</b> Historical excursus into the problem of tolerance development.....	75

### Issues of education

<b>Phedorova E.V.</b> Humanization of relationships – a priority condition in giving students a civic education with a special need.....	80
<b>Asylhanova A., Suleimenova K.K.</b> The importance of managing our customs and traditions by young generation in future.....	86
<b>Ozharova G.M.</b> Psychological peculiarities of adolescents deviant behavior taken into consideration and pedagogical demands in forming their positive aspectsof.....	90
<b>Alekeshova L.B., Tuyakova U.Zh.</b> Selfcognition: acievement and leading experience.....	95
<b>Kalimoldaeva A.K.</b> Forming patriotic consciousness of contemporary young people.....	99
<b>Dontsova O.</b> The history of parant's family education and personal well being of their children.....	103

## Applied psychology and psychotherapy

- Koteliynts N.B.** Realization of ideas stimulating creativity during the craft work lessons at junior schools.....108
- Zhumaeva A.E., Ospanov T.K., Kdyrbaeva A.A., Omarova G.Zh., Suleimenova A.H., Aydzhanova D.K.** Characteristics of instructional materials' structural-contextual forms «Theoretical basis of preschool children's views to mathematics» ..... 115
- Bekbaeva Zh.N.** The influence of social psychological factors in socializing the personality ... 119

## Modern methods (techniques) and technologies of education

- Iskakova M. Ashir A.** iBook's Author or how to improve performance of students.....125
- Begaliyeva S.B.** The impact of technology interated pedagogical process on greative activity in the formation of future teacher ..... 129
- Urunbasarova E.A., Kurbanova V.R.** On the requirements for successful interactive technology training in higher schools.....134
- Balgazina B.S.** To the problem of technology assisted process of learning language.....137
- Tazhibaeva R.D., Abaev V.E.** Software and processing for PROFIT SOFT to create electronic textbooks.....141
- Boribekova F.B., Kozhasheva M.K.** Increasing the efficiency of cognitive activity development of disabled children via didactic games .....145
- Asanaliev M.K., Bayzakova E.M., Omirzhanova Zh.M.** Features of developing tests under the conditions of module technologies in education.....149
- Kerembekova M.N.** Role playing situations at the lessons of interrelated training.....155

## Computer science and information technology in education

- Abzhanova A.H., Abaev V.E.** Towards the self computer technologies assisted organization of students works.....161
- Abdildauly A., Kanlybaev K.I., Kazez E.** Versatility of mathematically tinkering in solving the problems.....164
- Muldabekova K.T.** Information communicative technologies in the development of future specialists' professional competence.....172

## Information

- Erkinbaeva L.K., Muhitova R.B, Kaidarova A.D.** On the Republican contest of young teachers, «Teacher of the XXI Century», April 4-5, 2013 .....177
- Journal «Pedagogy and Psychology»** would like to inform that the journal is included in the list of scientific publications, recommended by the Committee of Control of Education and Science of the Ministry of Education and Science for the publication of main results of scientific performance....182

## Congratulations on the occasion of your anniversary

- Kopzhasar Naribayuly Naribaev**.....183

## **Авторлар назарына!**

«Педагогика және психология» журналының негізгі тақырыптық бағыты білім берудің барлық баспалдақтары мен деңгейлерлерінің қазіргі жағдайдағы өзекті мәселелеріне арналған ғылыми зерттеулердің жариялауы болып табылады. Журнал келесі айдарлардан тұрады: *білім берудің бүгінгі мәселелері; педагогиканың, психологияның және білім берудің әдіснамасы мен теориясы; педагогикалық және психологиялық ғылым-қоғамға; педагогика, психология және білім беру тарихы; тәрбие мәселелері; қолданбалы психология және психотерапия; білім берудің қазіргі әдістемелері мен технологиялары; информатика және білім беруді ақпараттандыру.*

Журнал жылына 4 рет шығады.

Журналға көлемі 5 бет немесе одан да көп мақалалар қабылданады.

Мақала құрылымдық бөліктерінің орналасу тәртібі:

- барлық авторлардың толық аты-жөні;
- мақаланың тақырыбы (үш тілде: қазақша, орысша, ағылшынша);
- орыс, қазақ, ағылшын тілдерінде түйіндеме (шетелдік авторлар мақалаларының түйіндемелері орыс және ағылшын тілдерінде), электрондық тәсілмен аударылған түйіндемелер қабылданбайды;
- түйін сөздер (үш тілде: қазақша, орысша, ағылшынша);
- мақала мәтіні. Мақала мәтіні Word мәтіндік редакторда, шрифті – Times New Roman, кегль – 14, аралығы – 1, үстіңгі және астыңғы жақтары – 2,5 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Кесте, жүйе, сурет анық, ақ-қара түсті болуы керек, мәтінде асты сызылуына жол берілмейді;
- әдебиеттер тізімі;
- әрбір автордың қызмет ететін мекемесінің толық атауы, елі, қаласы атау септікте жазылуы тиіс;
- әр автордың ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі;
- әр автордың электрондық поштасының мекен-жайы мен байланыс телефоны.

Барлық материалдар талапқа сай рәсімделуі және толықтай тексерілуі керек. Мақаланы жариялау мәселесін редакция алқасы жан-жақты талдай отырып шешеді. Редакция авторлармен келіспей-ақ тақырыптарды өзгерту, мақалалардың мәтіндерін қысқарту мен оларға қажетті стилистикалық түзетулер енгізу құқын өзінде қалдырады. Фактілердің дәлелдігі үшін жарияланып отырған мақалалардың авторлары жауапты. Авторға мақаланың қолжазбасы қайтарылмайды. Редакцияның көзқарасы жарияланып отырған материалдар авторларының пікірлерімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Мақаланың бір беті басылу бағасы – 500 теңге, төлем ақы «Педагогика және психология» журналына «Мақала үшін төлем» деп университеттің мына есеп шотына аударылады: «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» ШЖҚ РМК, БЕК 16, СТН 600900529562, ДСК KZ17856000000086696 «Центр Кредит Банкі» АҚ АҚФ. Алматы қаласы БСК КСЖВКЗКХ.

Мақала мәтінін журналдың келесі санында жариялау үшін компьютерден шығарылған түрін, электронды түрі (дискіде немесе флешкада) және төлем ақының түбіртегі мына мекен-жайға жіберілуі керек: 050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13-үй немесе электронды поштаға [pedagogika@kaznpu.kz](mailto:pedagogika@kaznpu.kz) бекітілген файлмен жіберу керек. Анықтама телефоны: 8 (7272) 91-91-82.

Журналға «Казпочта» АҚ арқылы жазылуға болады. Жеке жазылушылар және заңды тұлғалар үшін жазылу индексі 74253. Жылдық жазылым бағасы шамамен 2880 теңге. Журналға жазылғандар мақала шығару үшін төленетін төлем ақыдан босатылады.

**Редакция алқасы**

### ***К сведению авторов!***

Основной тематической направленностью журнала «Педагогика и психология» является публикация научных исследований по актуальным проблемам современного состояния всех ступеней и уровней образования. В журнале имеются следующие рубрики: *современные проблемы образования; методология и теория педагогики, психологии и образования; педагогическая и психологическая наука-обществу; история педагогики, психологии и образования; вопросы воспитания, прикладная психология и психотерапия; современные методики и технологии обучения; информатика и информатизация образования.*

Журнал издается 4 раза в год.

К публикации в журнале принимаются статьи объемом от 5 и более страниц.

Порядок расположения структурных элементов статьи:

- фамилия, имя, отчество авторов;
- название статьи (на трех языках: казахском, русском, английском);
- аннотация на казахском, русском и английском языках (для иностранных авторов на русском и английском языках), аннотации переведенные электронным способом рассматриваться не будут;
- ключевые слова (на трех языках: казахском, русском, английском);
- текст статьи. Текст должен быть набран в текстовом редакторе Word, шрифт – Times New Roman, кегль – 14, интервал - 1, отступы сверху и снизу – 2,5 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Таблицы, схемы, рисунки должны быть четкими, в черно-белом цвете, подчеркивание в тексте не допускается;
- список литературы;
- полное название организации–место работы каждого из авторов в именительном падеже, страна, город;
- ученая степень, ученое звание, должность каждого из авторов;
- адрес электронной почты и контактный телефон одного из авторов.

Все материалы должны быть оформлены в соответствии с требованиями и тщательно отредактированы. Редакционная коллегия оставляет за собой право отбора статей для включения в журнал, менять заголовки, сокращать тексты статей и вносить в них необходимую стилистическую правку без согласования с авторами. Ответственность за достоверность фактов несут авторы публикуемых статей. Рукописи статей авторам не возвращаются. Точка зрения редакции может не совпадать с мнениями авторов публикуемых материалов.

Стоимость публикации 1 страницы текста – 500 тенге, оплата производится перечислением с пометкой «Оплата за публикацию в журнале «Педагогика и психология» на банковский счет университета: РГП ПХВ КазНПУ имени Абая, КОД 16, РНН 600900529562, ИИК KZ17856000000086696 АГФ АО «Банк ЦентрКредит» г. Алматы, БИК КСЖВКЗКХ.

Тексты статей в распечатанном виде, на электронных носителях (диски, флешки) и копии платежных поручений, подтверждающих оплату, просим присылать для публикации по адресу: 050010, г. Алматы, проспект Достык, 13 или отправлять прикрепленным файлом по электронной почте e-mail: [pedagogika@kaznpu.kz](mailto:pedagogika@kaznpu.kz) Телефон для справок: 8(7272)91-91-82.

На журнал можно подписаться через АО «Казпочта». Индекс для юридических лиц и индивидуальных подписчиков 74253. Стоимость годовой подписки на журнал примерно 2880 тенге. Лица, подписавшиеся на журнал, будут освобождены от оплаты за публикацию статей в течение года.

***Редакционный совет***



---

---

Отпечатано в типографии издательства «Ұлағат»  
КазНПУ им.Абая.  
Подписано в печать 26.06.2013.  
Формат 60x84<sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Бумага сыктывкарская. Печать – RISO.  
25.0 п.л. Тираж 300. Заказ №189.

Казахский Национальный педагогический университет имени Абая  
050010, Алматы, пр. Достык, 13. Тел. 291-91-82.